



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Атырау қалалық ішкі саясат бөлімі

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Қағидалардың 29-тармағына сәйкес, қоғамдықты ақпараттандыру мақсатында Оператор мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін интернет-ресурсқа орналастыру туралы мемлекеттік органдардан хабарламалар алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз интернет-ресурсында конкурс туралы хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды. Сонымен қатар, Оператор азаматтық сектор өкілдерін мемлекеттік емес ұйымдарға гранттар беру жөнінде өткізілетін конкурстар туралы кеңінен ақпараттандыруға ерекше көңіл бөледі.

2025 жылғы 05 сәуірде Атырау қаласы Ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша мемлекеттік емес ұйымдарға 2025 жылға арналған мемлекеттік гранттарды беру конкурсын өткізу туралы хабарландыру жарияланды:

<https://cisc.kz/atyrau-qalasyng-ishki-sayasat-boelimining-tapsyrusy-bojynsha-granttar-konkursy/>

https://docs.google.com/document/d/1FgpugCyzGH2Yj_QaLcWT6ESF-d-FDetO/edit?usp=sharing&ouid=106095061618157973596&rtpof=true&sd=true

<https://www.instagram.com/p/DIJJ966PEsz/?igsh=aGtlcWN3dWw1b311;>

<https://www.instagram.com/p/DIJJwQ4viqV/?igsh=MXkybWg0MmhieG5oNg=>

=

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 25 сәуірде аяқталды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 басым бағыт бойынша 3 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Атырау қаласында отбасылық демографиялық және гендерлік саясатты жүзеге асыру	1	5 000 000 тг.
2	Атырау қаласында зорлық зомбылықтың алдын-алу	1	3 000 000 тг.
3	Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту	1	3 000 000 тг.

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 3 грант бойынша 3 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Атырау қаласында отбасылық демографиялық және гендерлік саясатты	қысқа мерзімді	«ҚСА» республикалық студенттік қозғалысы»	29.05.2025 ж. №58

		жүзеге асыру		қоғамдық бірлестігі	
2	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Атырау қаласында зорлық зомбылықтың алдын-алу		«Ой бренд» қоғамдық қоры	29.05.2025 №59
3	Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту	Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту		«Әлеуметтік бағдарламалар орталығы» қоғамдық қоры	27.05.2025 №56

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Атырау қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ тапсырысымен «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту» саласы бойынша 1 жобаны, «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» саласы бойынша 2 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 11 000 000 теңгені құрайтын 3 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
---	----------------------	---------------	---------------	--------------	--------------------	-----------------

1	«ҚСА» республикалық студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігі	«Шаңырақ» жобасы				
2	«Ой бренд» қоғамдық қоры	«Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы	«Қазақстан жастарының Конгресі» ЗТБ	Жанділдаев Бақдаулет Болатұлы	+7 708 776 3203	Астана қаласы, Сығанақ 47
			Жастар серпілісі ҚБ	Күзенбаев Ерсұлтан Қанатұлы	+7 701 365 9574	Астана қаласы, Алматы ауданы, көшесі Қаныш Сәтбаев, үй 6,
			Колледж студенттері мен түлектерінің қауымдастығы	Әбуов Сәулет Нұрғазыұлы	+7 705 148 8642	
3	«Әлеуметтік бағдарламалар орталығы» қоғамдық қоры	«Келісім» жобасы	-	-	-	-

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

Каримова А.Е.

Бас бухгалтер

Ибраева Ш.З.

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «ҚСА» республикалық студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Наукен Ұлан Аманқазыұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 50 үй, 408 кеңсе, 8 747 960 4825

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: Атырау қаласында отбасылық-демографиялық және гендерлік саясатты жүзеге асыру, «Шаңырақ» жобасы.

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету): 29 мамыр - 14 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 5 000 000 (бес миллион) теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Ой бренд» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Амантай Данияр Бауыржанұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет ш.а., Жақсылық Бекқожаев көшесі, 116 үй, 8 708 982 0585

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: «Атырау қаласында зорлық зомбылықтың алдын-алу» басым бағыты, «Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету): 2025 жылдың 29 мамыр – 30 қараша аралығы.

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 3 000 000 (үш миллион) теңге.

3. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Әлеуметтік бағдарламалар орталығы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Токанова Асылай Мухамет-калиевна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Атырау обл., Атырау қ., Нұрсая ш.а., 118 үй, 49 пәтер, 8 708 936 5383

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: «Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту» басым бағыты, «Келісім» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылғы 27 мамыр – 2025 жылғы 31 қазан аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

3 000 000 (үш миллион) теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Атырау қаласында отбасылық демографиялық және гендерлік саясатты жүзеге асыру

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Отбасылық тәрбие мен салауатты қарым-қатынас мәдениетін насихаттау.

1-іс-шара. «Отбасылық құндылықтар» атты семинарлар сериясы

2025 жылғы 23–29 қазан аралығында әлеуметтік жоба аясында отбасы институтын нығайту, жастар арасында салауатты қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және ата-аналардың тәрбиедегі рөлін арттыру мақсатында «Отбасылық құндылықтар» атты **5 семинардан** тұратын танымдық және тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар сериясы ұйымдастырылды.

Семинарлар интерактивті форматта өткізіліп, қатысушыларға отбасындағы өзара түсіністік пен сенімнің маңыздылығы, ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыс, конфликтілерді шешу мәдениеті, отбасылық жауапкершілік пен сыйластық қағидаттары туралы кең көлемде теориялық және практикалық ақпараттар ұсынылды.

Іс-шаралар барысында қатысушылармен сауалнамалар жүргізіліп, олардың отбасылық құндылықтар туралы түсінігі мен қарым-қатынас мәдениеті деңгейі анықталды. Сонымен қатар, ақпараттық таратпалар мен үлестірме материалдар берілді.

Семинарларды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ «Дарынды балаларға арналған ұстаз мектебі» мекемесінің тәжірибелі психологі Сағынбаева Анар Жұматовна жүргізді. Ол қатысушыларға психологиялық тренингтер мен практикалық жаттығулар өткізіп, отбасындағы өзара құрмет пен сенімді нығайту бойынша ұсыныстар берді.

Барлығы **302 жас** қамтылды, бұл жоспарланған көрсеткіштен жоғары нәтиже болып табылады. Қатысушылардың басым бөлігі іс-шараның мазмұнын пайдалы деп бағалап, отбасылық құндылықтарды сақтау мен дамытуға ниетті екендіктерін білдірді.

Семинарлар төмендегі оқу орындарында өткізілді:

1. Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжі

- Өткізу күні: 23 қазан 2025 жыл
- Уақыты: 10:00
- Семинар барысында студенттер мен оқытушылар арасында отбасылық қатынастардағы өзара түсіністік пен моральдық құндылықтар тақырыбы талқыланды.
- <https://www.instagram.com/p/DQKCrLxChGw/?igsh=cjEwZWlwOWtyNXdq>

2. Атырау энергетика және құрылыс колледжі

- Өткізу күні: 28 қазан 2025 жыл
- Уақыты: 10:00
- Қатысушылар отбасындағы жауапкершілік пен қарым-қатынас мәдениетін нығайту жолдары жөнінде пікір алмасты.
- <https://www.instagram.com/p/DQi6lLqCszD/?igsh=MWtvem9kdHU0eTBscA==>

3. Оңайбай Көшекөв атындағы аграрлы-техникалық колледжі

- Өткізу күні: 28 қазан 2025 жыл
- Уақыты: 15:00
- Семинарда ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды байланыс пен ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың рөлі қарастырылды.
- <https://www.instagram.com/p/DQi6gSViuXC/?igsh=MWZxZ2lqaTN4ZDkzOA==>

4. Атырау бизнес және құқық колледжі

- Өткізу күні: 29 қазан 2025 жыл
- Уақыты: 10:00
- Іс-шара қатысушылары жанұядағы сыйластық мәдениетін қалыптастыру мен тұрмыстық қатынастардағы этикалық нормаларды талқылады.
- <https://www.instagram.com/p/DQi6uReCvC-/?igsh=MWWhZzdjb2o0eTF6OQ==>

5. Атырау көлік және коммуникация колледжі

- Өткізу күні: 29 қазан 2025 жыл
- Уақыты: 15:00
- Семинар барысында жастарға отбасылық құндылықтарды насихаттау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кеңестер берілді.
- <https://www.instagram.com/p/DQi6Z6Aiq9v/?igsh=MTBvbHdkbGM1OXRxdQ==>

Семинарлар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар белсенді пікір білдірді. Әр оқу орнында студенттер мен педагогтар тарапынан отбасылық құндылықтарды дәріптеу және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға қатысты ұсыныстар айтылды.

Өткізілген семинарлар туралы ақпараттар мен фото-бейнематериалдар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып, көпшілік тарапынан оң пікірлер мен қолдау тапты.

Жарияланымдар нәтижесінде жобаның ақпараттық қамту көрсеткіші артты, ал қоғам тарапынан отбасылық құндылықтарға қызығушылық пен қолдау күшейді.

2-міндет. Әкелердің қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында диалогтық алаңдар қалыптастыру.

1-іс-шара. Қазақстандық Әкелер күні мерекесіне орай әкелер слетін өткізу

2025 жылғы **20 маусым** және **30 қазан** күндері Атырау қаласында «Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында екі кезеңнен тұратын «Әке мектебі: тәрбие, жауапкершілік, үлгі» атты Әкелер слеті өткізілді.

Бірінші кезең – 20 маусым, 2025 жыл, сағат 14:00

Өткізу орны: *Atyrau Hub – өңірлік IT-хаб (Кенжебай Мәденова көш., 7А)*

Слеттің салтанатты ашылуында Атырау қалалық Ішкі саясат бөлімінің басшысы, Атырау қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төраға орынбасары Утеғалиев Нұрбол Нұғманұлы құттықтау сөз сөйлеп, әке институтының қоғам мен отбасыдағы ерекше рөлін атап өтті.

Шеберлік сабақтары:

- «Ел үшін туған ұрпақ – әке тәлімінен» – **Арапбай Шерхан Жұмабекұлы**, педагог-тренер. Ол әке тәрбиесінің ұлт болашағын қалыптастырудағы маңызы туралы тәжірибесімен бөлісті.

Таныстырылымдар:

- «Қылмысқа емес — қамқорлыққа баста: отбасы және бала тағдыры» – **Мейірім Ердәулет**, Атырау облысы Полиция департаментінің ақпараттық-саясат бөлімінің бастығы. Ол ата-ананың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі мен қоғамдағы әлеуметтік бейімделудің маңызын түсіндірді.

Панельдік пікірталас:

- «Жауапты әке – мықты отбасының тірегі» – **Нұрбол Маратұлы**, қоғам белсендісі, «Даналық іздеуші» жобасының авторы. Пікірталас барысында әкенің рухани көшбасшы ретіндегі жауапкершілігі мен үлгісі туралы мәселелер талқыланды.

Қарым-қатынас тренингі:

- «Баламен қарым-қатынас: заманауи әке – мықты тәлімгер» – **Назерке Берікқалиқызы**, психолог, жас депутат. Қатысушылар ата-аналық қарым-қатынас психологиясы, эмоционалды байланыс пен сенім тақырыптарында практикалық кеңестер алды.

Қорытынды

және

марапаттау:

Слет соңында қатысушыларға **сертификаттар мен алғыс хаттар** табысталды. Белсенді әкелерге «**Үлгілі әке**» номинациясы бойынша марапаттар берілді.

Екінші кезең – 30 қазан, 2025 жыл, сағат 10:00

Өткізу орны: *Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Ғылыми кеңес залы*

Бұл кезеңде **қарым-қатынас** тренингі өтті.

Тақырыбы: «Әке – отбасы тірегі».

Спикер: **Оразкүл Асанғазықызы** – қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Отбасы берекесі» кітабының авторы.

Оразкүл Асанғазықызы әкенің ұрпақ тәрбиесіндегі орны мен отбасылық жауапкершілікті арттырудың маңызын ерекше атап өтті. Спикердің мазмұнды дәрісі қатысушыларға зор рухани әсер қалдырды.

Нәтижелері:

- Іс-шараға барлығы **112 қатысушы** қатысты;
- 5 түрлі форматтағы сессия ұйымдастырылды;
- Белсенді әкелер марапатталды;
- Ақпараттық материалдар мен жадынамалар таратылды;
- Іс-шара туралы фото және бейнематериалдар әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде жарияланды.

https://www.instagram.com/p/DLEzcROs89Q/?img_index=1&igsh=bzR0dm5iendqbnU3

<https://www.instagram.com/p/DLU094SNe6U/?igsh=MXFzbHVudXhoOWg5cw==>

<https://www.instagram.com/reel/DLU1PESN3eA/?igsh=dWF5bWtsNXI2bzF1>

https://www.instagram.com/p/DQjelh3Ciwn/?img_index=1&igsh=dHliNmdzNjZzMXpt

«**Шаңырақ**» жобасы аясында ұйымдастырылған әкелер слеті қоғамдағы әкенің беделін арттырып, отбасы институтының берік негіздерін нығайтуға ықпал етті. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар тарапынан оң пікір мен алғысқа ие болды. Сонымен қатар, іс-шара ер балаларға әкенің рөлі мен үлгісін дәріптеудің маңыздылығын көрсетті. Әке тәрбиесі арқылы ұл балаларда жауапкершілік, еңбекқорлық және отбасылық құндылықтарға құрмет сезімі қалыптасты.

2-іс-шара. Тәрбие мен отбасылық салауаттылықтың өзекті мәселелерін талқылау үшін әкелер клубын құру

Жоба шеңберінде отбасылық тәрбие мәдениетін нығайту, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту және отбасылық салауаттылық мәселелерін ашық талқылау мақсатында **Әкелер клубы** құрылды. Клубтың жұмысы жүйелі форматта ұйымдастырылып, есептік кезеңде **4 кездесу** өткізілді. Іс-шараларға **46 қатысушы** тартылды, оның ішінде әртүрлі сала өкілдері, білім беру ұйымдарының әкелері, қоғам белсенділері және жергілікті қауымдастық мүшелері бар.

Клубтың әрбір отырысында қатысушылар тәрбиедегі әкенің жауапкершілігі, баланың мінез-құлқына ықпал ететін факторлар, отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті, жасөспірімдерді теріс ықпалдан қорғау, заманауи ақпараттық қауіптер, кибергигиена, эмоционалдық байланыс орнату, ата-аналардың бірлескен тәрбиелік моделі сияқты өзекті тақырыптарды талқылады. Мамандар мен спикерлер практикалық кеңестер ұсынып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, күрделі жағдайларды шешу бойынша пікір білдірді.

1-кездесу. Әкелер клубының алғашқы кездесуі 2025 жылғы 12 қазан күні, сағат 18:00-де Атырау қаласындағы №10 С.Мұқанов атындағы орта мектепте өтті, басқосуға **13 әке** қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты – қала әкелеріне арналған ашық диалог алаңын қалыптастыру, отбасылық тәрбие, балалардың қауіпсіздігі және әкенің рөліне қатысты өзекті мәселелерді талқылау болды.

Шараға танымал кәсіпкер, қоғам белсендісі Арыстан-Баб Құрмаш арнайы шақырылып, спикер ретінде сөз сөйледі. Ол әкенің бала өміріндегі орны, ер азаматтың отбасы алдындағы жауапкершілігі, жасөспірімдерді теріс ортадан қорғау тетіктері және ата-аналық бақылаудың тиімді моделдері туралы практикалық әрі өмірлік тәжірибеге негізделген кеңестермен бөлісті. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық қауіптер, әлеуметтік желілердегі тәуекелдер мен балалардың психологиялық әл-ауқатын сақтау тақырыптары да талқыланды.

Қатысушылар белсенді түрде сұрақ қойып, өз тәжірибелерімен бөлісті, күрделі жағдайларды шешу жолдары талқыланды. Кездесу нәтижесінде әкелер арасында өзара қолдау мен пікір алмасудың тұрақты форматы қалыптасып, клуб жұмысының алдағы бағыттары айқындалды.

Бұл алғашқы кездесу жоба шеңберіндегі әкелер клубының дамуына негіз қалап, қатысушылардың отбасылық тәрбие мәдениетін нығайтуға деген қызығушылығын арттырды.

<https://www.instagram.com/p/DRK0ordjZ8q/?igsh=MWxldnlvcTNtZ3ZmcQ==>

2-кездесу. Әкелер клубының екінші кездесуі 2025 жылғы 13 қараша күні, сағат 15:00-де Атырау қаласындағы «Азаматтарға арналған үкімет» АОФ ғимаратында өтті. Басқосуға **10 әке** қатысып, бала тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды. Кездесудің арнайы спикері — Өмертаев Бақдәулет «Баланы білім алуға қызықтыру, ынталандыру жолдары» тақырыбында мазмұнды тренинг жүргізді. Ол бала мотивациясын арттырудың тиімді тәсілдерін, қызығушылықты қалыптастыру жолдарын және білімге деген оң көзқарасты нығайту әдістерін түсіндірді. Спикер ата-ананың қолдауы мен дұрыс қарым-қатынасының баланың оқу жетістігіне әсері туралы практикалық мысалдар келтірді.

Әкелер баланың оқу тәртібін дұрыс ұйымдастыру, оның әлеуетін анықтау және цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден қорғау мәселелері бойынша сұрақтар қойды. Жиналғандар отбасындағы сенім мен қолдау атмосферасының маңыздылығын талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу еркін диалог форматында өтіп, әкелер арасында ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Қатысушылар бала тәрбиесіндегі жаңа әдістер мен заманауи педагогикалық тәсілдердің тиімділігін атап өтті.

Шара соңында әлеуметтік желілерде кездесудің негізгі сәттері мен пайдалы ұсынымдар жарияланды. Әкелер клубының алдағы тақырыптары бойынша ұсыныстар қабылданып, қатысушылардың белсенді атсалысу ниеті байқалды. Бұл кездесу әкелердің тәрбиелік рөлін күшейтіп, отбасылық мәдениетті нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар, клуб мүшелерінің бір-біріне қолдау көрсетуі мен ортақ жауапкершілікті сезінуі оның тұрақты дамуына жақсы серпін берді.

<https://www.instagram.com/p/DRUI2IWigDX/?igsh=Nji0MzIkaDRIMWhp>

3-кездесу. Әкелер клубының үшінші кездесуі 2025 жылғы 13 қараша күні, сағат 16:00-де Атырау қаласындағы «Азаматтарға арналған үкімет» АОФ ғимаратында өтті. Бұл жолы **13 әке** қатысып, бала тәрбиесі мен білімге ынталандыру мәселелері кеңінен талқыланды. Кездесудің негізгі мақсаты — әкелерге бала қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді тәсілдер ұсыну және отбасындағы қолдау мәдениетін күшейту болды.

Арнайы спикер ретінде Өмертаев Бақдәулет шақырылып, «Баланы білім алуға қызықтыру, ынталандыру жолдары» тақырыбында мазмұнды тренинг жүргізді. Болашақ бағдарламасының стипендиаты, Boston University магистранты және республикалық дебат ойындарының жеңімпазы ретінде Бақдәулет бала мотивациясына әсер ететін психологиялық және педагогикалық факторларды түсіндірді. Ол оқу процесін қызықты ету жолдары, отбасындағы қолдау тетіктері және баланың жеке қабілетін дұрыс тану жөнінде құнды ұсыныстар айтты.

Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, білімге ынталандыруда кездесетін қиындықтар туралы пікір алмасты. Диалог ашық әрі пайдалы форматта өтіп, әкелер басқару, бағыт беру және баламен сенімді қатынас орнатудың жаңа тәсілдерін талқылады. Кездесу барысында айтылған маңызды ойлар мен ұсыныстар клубтың әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланды.

Бұл кездесу әкелердің тәрбиелік жауапкершілігін арттыруға, бала дамуына жағдай жасауға және клуб қатысушылары арасында тұрақты қолдау ортасын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. <https://www.instagram.com/p/DRUI-4VCh70/?igsh=cXBwYW9pbzFrNWJ6>

<https://www.instagram.com/reel/DRVATgRDbLL/?igsh=Ynp5bXVqY2VIZHRI>

4-кездесу. Әкелер клубының төртінші кездесуі 2025 жылғы **11 қараша күні**, сағат **17:00-де** Атырау қаласындағы **Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңес залында** өтті. Кездесуге **10 әке** қатысып, бала тәрбиесі мен білімге ынталандыруға қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Бұл басқосу әкелерге тәжірибе алмасуға, білім беру процесіне белсенді араласу жолдарын түсінуге мүмкіндік берді.

Арнайы спикер ретінде **Өмертаев Бақдәулет** шақырылып, «*Баланы білім алуға қызықтыру, ынталандыру жолдары*» тақырыбында мазмұнды тренинг жүргізді. **Болашақ бағдарламасының стипендиаты, Boston University магистранты және республикалық дебат ойындарының жеңімпазы** ретінде Бақдәулет бала мотивациясына әсер ететін психологиялық және педагогикалық факторларды егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол оқу процесін қызықты етудің тиімді тәсілдері, отбасындағы қолдау мен мадақтаудың рөлі және баланың қабілетін дұрыс анықтаудың маңыздылығы туралы құнды ұсыныстарымен бөлісті.

Кездесу еркін форматта өтіп, әкелер өз пікірлерін ортаға салып, тәжірибелерін бөлісті. Шараның маңызды сәттері мен пайдалы контенттері клубтың әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып, кең аудиторияға қолжетімді етілді. Бұл кездесу әкелердің тәрбиелік рөлін нығайтуға және отбасындағы қолдау мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. <https://www.instagram.com/reel/DRVASKxDV6i/?igsh=MXZjZHkwd2w0bXloaQ==>

<https://www.instagram.com/p/DRUmJQXinio/?igsh=MWZlODlqNHZxeWtnNw==>

Қорытынды:

Әкелер клубына қатысушылар барлық кездесулер барысында жоғары белсенділік танытып, талқыланған әдіс-тәсілдерді күнделікті өмірде қолдануға дайын екендіктерін көрсетті. Қатысушылардың пікірлері кездесулердің әкелердің бала тәрбиесіне саналы түрде араласуына, отбасындағы өз рөлін қайта қарауына және ата-аналық жауапкершілікті күшейтуіне айтарлықтай әсер еткенін көрсетті. Сонымен қатар, клуб жұмысы әкелік мәдениетті дамытудың, отбасылық құндылықтарды нығайтудың және әкелер арасындағы өзара қолдау жүйесін қалыптастырудың тұрақты алаңына айналды.

Жоба аясында өткізілген төрт кездесу жалпы **46 әкені** қамтыды. Бұл көрсеткіш жоспарланған индикаторларға толық сәйкес келіп, мақсатты аудиторияны қамту деңгейін айқындады. Іс-шаралардың мазмұнды өткізілуі ата-аналардың құқықтық, психологиялық және тәрбиелік сауаттылығын арттыруға әсер етті. Әр кездесудің тақырыптық бағыты мақсатты топтың нақты қажеттіліктеріне жауап беріп, баламен сенімді байланыс орнату, мотивацияны күшейту, ақпараттық қауіптерден қорғау және отбасында жағымды атмосфера қалыптастыруға арналған тиімді практикалық құралдар ұсынылды.

Әкелер клубының жүйелі жұмысы отбасы институтын қолдауды күшейтіп, әкелердің қауымдастықтағы белсенділігін арттырды. Бұл бастама өңірдегі ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігін күшейтуге және болашақта тұрақты жалғасатын пайдалы платформа қалыптастыруға зор үлес қосты.

3-міндет. Аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында диалогтық алаңдар қалыптастыру

1-іс-шара. «Анаға тағзым» форумын өткізді

2025 жылғы **30 қазан күні**, сағат **10:00-де** Атырау қаласындағы **Beluga қонақ үйінің конференц-залында**(Кулманов көшесі, 111Б) «**Шаңырақ**» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында «**Анаға тағзым**» атты аналар форумы өткізілді.

Форумның негізгі мақсаты – **қоғамдағы ананың рөлін айқындау, отбасы институтының маңыздылығын арттыру және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды кеңінен дәріптеу** болды.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым жетекшілері, белсенді аналар мен жастар қатысты. Барлығы **107 адам** қамтылды. Форумның модераторы – «**ОРТА**» жастар қозғалысының жетекшісі, облыстық жастар мәслихатының депутаты **Сәбитов Әділет Маратұлы** болды. Ашылу сөздерін Атырау қалалық Ішкі саясат бөлімінің басшысы **Утеғалиев Нұрбол Нұғманұлы** және Атырау облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төраға орынбасары **Әжіғалиева Айгүл Теміртасқызы** айтты. Олар өз сөздерінде ананың қоғамдағы және отбасындағы маңызды миссиясына тоқталып, отбасылық құндылықтардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін атап өтті.

Баяндама бөлімі аясында:

- «**Қазақ аналары – дәстүрге жол**» **ҚБ төрайымы Әбіш Жанар Төрениязқызы** ұлттық тәрбие үлгілері арқылы отбасы құндылықтарын сақтаудың тиімді тәсілдерін ұсынды;
- **Атырау қалалық мәслихатының депутаты, №7 қалалық емхананың басшысы Танбаева Гүлнафис Әбділлақызы** аналардың әлеуметтік және рухани рөліне тоқталды;
- **Қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Отбасы берекесі» кітабының авторы Оразкүл Асанғазықызы** <https://share.google/BjxSckB5DeONvs6L> «Ана мейірімі – адамзаттың мәңгілік құндылығы» тақырыбында мазмұнды дәріс оқыды.

Оразкүл Асанғазықызы өз сөзінде ананың шексіз мейірімі мен тәрбиелік ықпалының адамның тұлға болып қалыптасуындағы басты рөлін атап өтті. Ана мейірімі – тіл мен дәстүрдің ұйытқысы, ұрпақ сабақтастығын жалғайтын алтын көпір, қоғамдағы ізгілік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыратын рухани өзек екені баса айтылды. Дәріс барысында ананың жүрек жылуы отбасындағы сенім мен сыйластықты нығайтып, бала бойына адамгершілік пен өмірлік бағдар дарытатыны нақты мысалдармен жеткізілді.

Форумның пікірталас бөлімінде қатысушылар **отбасылық тәрбие мен ата-ана жауапкершілігін күшейту, жергілікті деңгейде «Ана мектебі» форматтарын енгізу, мектептер мен колледждерде отбасы құндылықтары бойынша тұрақты кездесу клубтарын құру**, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру кампанияларын кеңейту жөнінде нақты ұсыныстар білдірді.

Қорытынды сөзді **Атырау облысы әкімі аппаратының бас инспекторы, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Жалмурзина Зәмзәгүл Хиданқызы** айтты. Ол форум барысында айтылған ұсыныстар жобаның келесі кезеңдерінде ескерілетінін және олардың тәжірибелік іске асуына назар аударылатынын мәлімдеді.

Қатысушылардың кері байланысы (103 жауап негізінде):

- Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейіне **96,1%** (шамамен **99 адам**) «қанағаттандым» деп баға берді,
- **3,9%** (шамамен **4 адам**) «орташа» деп бағалады,
- «қанағаттанбадым» деген жауаптар тіркелген жоқ.

Форумның отбасы құндылықтарын нығайтуға әсеріне қатысты:

- **96,1%** қатысушы «өте пайдалы» деп көрсетті,
- **3,9%** – «пайдалы» деп бағалады,
- «орташа» немесе «пайдасыз» деген жауаптар болған жоқ.

Қорытынды:

Форум мазмұны мен ұйымдастырылуы жоғары деңгейде өтті. Қатысушылардың басым көпшілігі іс-шараны өте пайдалы деп бағалап, отбасылық құндылықтарды дәріптеу бағытында құнды ұсыныстар берді.

Форум туралы ақпарат пен фотоматериалдар әлеуметтік желілерде <https://www.instagram.com/p/DQmPRR1ijFP/?igsh=MTFlndFmaDNucWlmdQ==> және жергілікті БАҚ-та <https://share.google/FjHsPOq8N9cmpkta> жарияланды. Қатысушылардың пікірлері мен бейнематериалдар қоғам тарапынан кең қолдау тапты.

2-іс-шара. Тәрбие мен отбасылық салауаттылықтың өзекті мәселелерін талқылау үшін аналар клубын құр

Әлеуметтік жобаның маңызды бағыттарының бірі ретінде Аналар клубы құрылып, отбасылық тәрбие, ата-аналық жауапкершілік, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту және отбасылық салауаттылықты нығайту мәселелерін талқылауға арналған тұрақты алаң ұйымдастырылды. Бұл клубтың жұмысы мақсатты аудитория – Атырау қаласындағы аналар үшін өзекті тақырыптарды кәсіби деңгейде талқылайтын, тәжірибе алмасатын, мамандардан кеңес алатын, өзара қолдау көрсету ортасын қалыптастыруға бағытталды.

Аналар клубы жобаның негізгі индикаторларының орындалуына тікелей үлес қосты, себебі жоба аясында ата-аналардың құқықтық, психологиялық және тәрбиелік сауаттылығын арттыру, отбасындағы тұрақты құндылықтарды нығайту және қоғамдағы әлеуметтік байланыстарды күшейту міндеттері қарастырылған. Клуб жұмысы осы мақсаттардың барлығын практикалық тұрғыда жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Есептік кезеңде клуб аясында **4 тақырыптық кездесу** ұйымдастырылып, жалпы саны **111 ана** қамтылды. Әр кездесу нақты бір саланың маманымен өткізілді және отбасылық тәрбиенің түрлі аспектілерін қамтыды: ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие, әлеуметтік қолдау және экономикалық тұрақтылық, балалардың психо-эмоциялық дамуы, ата-ананың психологиялық ресурсы мен эмоционалдық тепе-теңдігі.

Бұл кездесулер аналардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға, отбасындағы рөлін қайта бағалауға, тәрбиелік міндеттерді саналы түрде түсінуге ықпал етті. Сонымен қатар, аналардың өзара тәжірибе алмасуы, бір-бірімен байланыс орнатуы әлеуметтік жобаның қоғамға әсерін күшейтіп, жергілікті қауымдастық ішіндегі ата-аналардың бір-біріне деген қолдау мәдениетін қалыптастырды.

Төменде әр кездесу мазмұны мен нәтижелері егжей-тегжейлі сипатталады.

1-кездесу. 30 қазан 2025 жыл, сағат 16:00-де Атырау қаласының BINOM SCHOOL – Әл-Фараби мектеп-лицейінде қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Отбасы берекесі» кітабының авторы Оразкүл Асанғазықызының жүргізуімен Аналар клубының алғашқы кездесуі өтті. Шараға 70 ана қатысты.

Бұл алғашқы отырыс ауқымды әрі терең мазмұндағы тақырыптарды қамтып, аналардың отбасылық тәрбиеге қатысты білімін, көзқарасын және жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталды. Спикер өз сөзінде отбасы құндылықтарының тарихи негізіне тоқталып, қазақы тәрбиенің ерекшеліктерін, ананың отбасындағы орны мен рөлін, ата-ананың бірлескен жауапкершілігін жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар қазіргі замандағы ақпараттық, әлеуметтік және тәрбиелік сын-қатерлердің отбасылық тұрақтылыққа ықпалы жөнінде маңызды ойлар айтты.

Кездесу барысында аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұрмыстық қиындықтар, отбасы ішіндегі коммуникация, жасөспірімдердің мінез-құлықтары, психологиялық тұрақтылық және ата-аналық бақылау мәселелері бойынша нақты кеңестер алды. Пікір алмасу барысында қатысушылар бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, ортақ мәселелердің шешу жолдарын бірге талқылады.

Отырыстың нәтижесі ретінде аналар қоғам қайраткерінің тәжірибесіне сүйене отырып, отбасындағы тәрбиелік процестерді жетілдіру, балалармен тиімді қарым-қатынас орнату және ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызын терең түсінді. Алғашқы кездесу клубтың алдағы жұмысына берік негіз қалап, аналардың белсенді әрі ынталы қатысуына жол ашты.

<https://www.instagram.com/p/DRMTINCitY-/?igsh=NmI3cmR2Y3IyejEY> <https://www.instagram.com/reel/DRMTtYqisZS/?igsh=MWVkejZ1anV1bjlxMw==>

2-кездесу. 12 қазан 2025 жыл, сағат 18:00-де Атырау қаласы, №10 С.Мұқанов атындағы орта мектепте Аналар клубының екінші кездесуі өтті. Шараның спикері — кәсіпкер, «AMANAT» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі аймақтық кеңес мүшесі Гүлжанат Өмірбайқызы. Кездесуге 15 ана қатысты.

Бұл отырыс аналардың әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған тақырыптарды қамтыды. Спикер қазіргі отбасылар жиі кездесетін әлеуметтік мәселелерді, олардың бала тәрбиесіне әсерін, әлеуметтік қолдау тетіктерін және аналардың қоғамдағы белсенділігін арттырудың жолдарын түсіндірді. Сонымен қатар, Гүлжанат Өмірбайқызы отбасылық бюджетті басқару, қаржылық сауаттылық, жеке кәсіпті бастау мүмкіндігі мен әйелдердің қаржылық тәуелсіздігі туралы практикалық кеңестерімен бөлісті.

Кездесу интерактивті форматта өтті. Аналар өз өміріндегі қиындықтар, жұмыспен қамтылу, әлеуметтік жәрдем қолжетімділігі, көпбалалы аналардың мәселелері және мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы ашық пікір алмасты. Спикер әр қатысушыға жеке кеңес беріп, нақты жағдайларға арналған шешім жолдарын ұсынды.

Шара аналардың әлеуметтік тұрғыдан қолдау алу мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың өз күшіне деген сенімін арттыруға және отбасылық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DRK0lesDThW/?igsh=bHU1MDNwYnpub215> <https://www.instagram.com/p/DRNLfFuDXTo/?igsh=ZXJjZmVIZzFuYW11>
<https://www.instagram.com/reel/DRNLhoUDb6p/?igsh=em5wMWhkM2Iqd2xw>

3-кездесу. 12 қазан 2025 жыл, сағат 18:00-де Атырау қаласы, №10 С.Мұқанов атындағы орта мектепте Аналар клубының үшінші кездесуі өтті. Бұл жиынның спикері — «DAMU» түзету-дамыту орталығының басшысы Зайнеденова Алия Нұрланқызы. Кездесуге 14 ана қатысты.

Бұл отырыс балалардың психо-эмоциялық дамуы, мінез-құлық ерекшеліктері және даму кезеңдеріндегі ауытқуларды ерте анықтау тақырыптарына арналды. Спикер аналарға баланың психологиялық дамуын бақылаудың маңызын, мінез-құлықтағы алғашқы өзгерістерді дұрыс бағалауды, әсіресе мектеп жасындағы балаларда жиі кездесетін эмоционалдық және әлеуметтік қиындықтарды түсіндірді.

Алия Нұрланқызы ата-ананың баламен тиімді сөйлесу дағдылары, отбасы ішіндегі эмоционалдық климат, баланың өз-өзіне сенімін қалыптастыру, түзету элементтерін үй жағдайында қолдану сияқты практикалық әдістерді көрсетті. Сонымен қатар ерекше күтімді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің негізгі қағидаларын түсіндіріп, аналарға кәсіби бағыт-бағдар берді.

Аналар өз сұрақтарын қойып, нақты жағдайларға байланысты жеке кеңестер алды. Көбіне талқыланған мәселелер — балалардағы мазасыздық, агрессия, өз-өзіне тұйықталу, мектептегі бейімделу қиындығы және жасөспірімдер арасындағы эмоционалдық тұрақсыздық болды.

Кездесу аналардың психологиялық сауаттылығын арттырып, балалардың эмоционалдық жағдайына назар аудару мәдениетін қалыптастыруға оң әсер етті.

<https://www.instagram.com/p/DRK0kuljYrz/?igsh=bWU1M29pZHQ2ZW1q> <https://www.instagram.com/reel/DRNLqU2jbZJ/?igsh=YTR6ZjZ4N2R5dXJy>
<https://www.instagram.com/p/DRNLTDuCVKI/?igsh=a283N3BkeHU3NGNv>

4-кездесу. Аналар клубының төртінші кездесуі 2025 жылғы 10 қараша күні Атырау қалалық Халыққа қызмет көрсету орталығында өтті. Кездесуге **12 ана** қатысып, отбасылық тәрбиедегі өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесудің арнайы спикері — Өмертаев Бакдәулет «Баланы білім алуға қызықтыру, ынталандыру жолдары» тақырыбында мазмұнды тренинг өткізді. Болашақ бағдарламасының стипендиаты, Boston University магистранты және республикалық дебат ойындарының жеңімпазы ретінде ол бала мотивациясын арттыру, қызығушылықты қалыптастыру және үйде білімге қолайлы орта құру жолдары бойынша құнды тәжірибесімен бөлісті.

Кездесу барысында аналар стресс деңгейін басқару, эмоционалдық жүктемені дұрыс бөлу, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту және күнделікті өмірде эмоцияны реттеу бойынша практикалық әдістерді меңгерді. Сонымен қатар, баламен сенімді байланыс орнату, жеке психологиялық шекара қалыптастыру және үйдегі жағымды атмосфераны сақтау жөнінде пайдалы кеңестер берілді.

Қатысушылар өзара пікір алмасып, жеке мәселелері бойынша мамандардан кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл кездесу аналардың психологиялық тұрақтылығын арттыруға және отбасындағы эмоционалдық климатты жақсартуға айтарлықтай оң әсер етті. <https://www.instagram.com/reel/DRVAL0LDUQL/?igsh=MWpoeGo2Yzh3OWJvZA==> <https://www.instagram.com/p/DRUluqQCjUT/?igsh=dHVheTR6aTJoZG92>

Қорытынды:

Аналар клубының жұмысы әлеуметтік жобаның маңызды және аса қажет компоненттерінің бірі ретінде өзінің тиімділігін толық дәлелдеді. Есептік кезең ішінде ұйымдастырылған төрт кездесу аналардың тәрбиелік, әлеуметтік, психологиялық және отбасылық құзыреттерін арттыруға бағытталып, мақсатты аудиторияға нақты қолдау көрсетті.

Клубқа жалпы **111 ана** қатысып, әрқайсысы отбасы институтын нығайтуға ықпал ететін өзекті мәселелер бойынша пайдалы ақпарат пен практикалық дағдылар алды. Кездесулерге қатысқан спикерлердің кәсіби біліктілігі, тәжірибесі және тақырыптарды жан-жақты қамтуы аналардың сұранысына толық жауап берді.

Өткізілген шаралар аналардың:

- отбасыдағы рөлін саналы түрде түсінуіне;
- бала тәрбиесіндегі психологиялық және педагогикалық ұстанымдарды меңгеруіне;
- әлеуметтік және экономикалық қолдау механизмдерімен танысуына;
- балалардың психо-эмоциялық жағдайын бақылау және қолдау қабілетін күшейтуіне;
- өзара қолдау мен тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыруына;
- қоғамдағы белсенділігін арттыруына ықпал етті.

Аналар клубы әйелдерге арналған ашық диалог алаңы ретінде қоғамдық маңызы жоғары бастамаға айналды. Аналар тек ақпарат алып қана қоймай, өз мәселелерін талқылап, кәсіби кеңес ала отырып, бір-біріне тірек болатын қауымдастық қалыптастырды. Бұл жоба аясында отбасы құндылықтарына негізделген орта пайда болды, ал аналардың белсенділігі қоғамдағы оң өзгерістердің маңызды факторы ретінде көрінді.

Жалпы алғанда, Аналар клубы әлеуметтік жобаның жоспарланған индикаторларына толық сәйкес келіп қана қоймай, оның әлеуметтік әсерін күшейтіп, отбасылық тұрақтылықты нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Клубтың қалыптасқан форматы болашақта да жалғастырып, кеңейтуге болатын тиімді тәжірибе ретінде бағаланады.

4-міндет. Қазақстандағы дәстүрлі отбасылық мерекелерге қоғамдық қолдау көрсетіп, оларды жаңа мазмұнда атап өту

1-іс-шара. «Берекелі отбасы» отбасылық спорттық марафоны

2025 жылғы 13 қыркүйек күні Атырау қаласындағы BINOM мектебінде «Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында «Берекелі отбасы» отбасылық спорттық марафоны ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – отбасылық бірлікті нығайту, салауатты өмір салтын дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен командалық рухты арттыру болды.

Марафонға **10 отбасы, жалпы 50 қатысушы** қатысты. Қатысушы отбасылар түрлі эстафеталық жарыстар мен командалық ойындарда өз шеберліктерін, ұйымшылдығын және бір-біріне деген қолдауын көрсетті. Жарыс алаңында достық, қуаныш және отбасылық ынтымақ атмосферасы орнап, барлық қатысушылар жоғары көңіл-күймен өнер көрсетті.

Марафон қорытындысы бойынша жеңімпаздар келесідей анықталды:

- **I орын – Сейфуллиндер отбасы (150 000 теңге)** - Бірлік пен шапшаңдықты үйлестіріп, марафонның үздігі атанды.
- **II орын – Әділбектер отбасы (100 000 теңге)** - Жарыс тапсырмаларын жоғары деңгейде орындап, табандылығымен ерекшеленді.
- **III орын – Сабыртайлар отбасы (50 000 теңге)** - Командалық үйлесім мен тұрақты белсенділік көрсетіп, жүлделі орынға ие болды.

Барлық қатысушыларға Алғыс хаттар, естелік сыйлықтар, балаларға арналған тәттілер мен спорттық құралдар табысталды. Бұл марапаттар отбасы мүшелерінің ынтымақын арттырып, іс-шараға жағымды әрі тәрбиелік мән берді.

Іс-шара жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтті:

<https://share.google/zEaTQdLvKcPylUJVj>

Сондай-ақ марафон туралы ақпарат пен фотоматериалдар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып, көпшілік тарапынан оң пікірлер мен жоғары қызығушылық тудырды:

<https://www.instagram.com/reel/DOjLGMKCgwN/?igsh=MWhnbmd3cWljcTZ1OQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DOjH-edCs16/?igsh=MWdjZXlidXVvNjJkcw==>

Бұл бастама отбасы мүшелерінің бірлігін күшейтіп қана қоймай, өңірде салауатты өмір салтын насихаттаудың тиімді үлгісіне айналды. Қатысушылар мұндай спорттық іс-шараларды жыл сайын дәстүрге айналдыру қажеттігін атап өтіп, отбасылық демалысты пайдалы әрі мазмұнды өткізуге мүмкіндік бергеніне ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

«Берекелі отбасы» марафоны – отбасы құндылықтары мен салауатты өмір салтының маңыздылығын көрсете білген жарқын әрі мазмұнды шара болды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушылардан оң пікірлер мен үлкен алғыс алды.

2-іс-шара. Жаңа туған нәрестелерді құттықталды

2025 жылғы 10 қыркүйек күні, сағат 15:00-де Атырау облыстық перинаталдық орталығында «Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында жаңа туған нәрестелердің **20 отбасын** құттықтау рәсімі өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты – жас ата-аналарды қоғам алдында құрметтеп, олардың отбасылық өмірге қадам басуына қолдау көрсету, некенің әлеуметтік және рухани маңыздылығын дәріптеу және өңірде отбасы институтының құндылығын кеңінен насихаттау болды.

Салтанатты рәсім барысында жас отбасыларға Құттықтау хаттар, гүл шоқтары және естелік сыйлықтар табысталды. Сыйлықтар жиынтығына нәрестеге арналған негізгі күтім құралдары, жылы көрпешелер, гигиеналық бұйымдар, жаңа туған шақтағы қажетті жабдықтар және ата-аналарға арналған «Сәбиді алғашқы тәрбиелеу жөніндегі кеңестер жинағы» енді. Сонымен бірге жас ата-аналарға отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениетін нығайту, нәрестенің қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету және ата-аналық жауапкершілікті арттыруға бағытталған ақпараттық жадынамалар таратылды.

Іс-шара ерекше қуанышқа толы, мейірімге бай атмосферада өтті. Перинаталдық орталықтың медицина қызметкерлері, жас аналар мен әкелер, төсек жаңғыртып отырған үлкен кісілер және жергілікті БАҚ өкілдері осы қуанышты сәтке куә болды. Жас ата-аналар көрсетілген зор құрмет пен қолдау үшін алғыстарын айтып, бұл қамқорлық олардың отбасылық өмірге деген сенімін нығайтып, рухани жігер бергенін жеткізді.

Шараның бір ерекшелігі — әлеуметтік қолдаудың тек материалдық емес, моральдық-рухани тұрғыда да маңызға ие екенін көрсетуінде болды. Баланың дүниеге келуі – отбасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін ортақ қуаныш екені аталып, жас отбасының болашағының берік іргетасы – сүйіспеншілік, сыйластық және жауапкершілік екендігі ерекше атап өтілді. Сонымен қатар, іс-шара жас ата-аналардың психологиялық бейімделуін қолдауға, отбасылық құндылықтарды саналы түрде қабылдауына және жаңа өмір кезеңін дұрыс ұйымдастыруына бағытталған кешенді жұмыс ретінде бағаланды.

Іс-шара туралы ақпарат жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды:

<https://share.google/9bE3kPBc1IikIhbEI> <https://share.google/bMw151zLpDViVZgQz>

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде арнайы фотоматериалдар мен бейнежазбалар жарияланып, көпшілік тарапынан жылы лебіздер мен оң пікірлерге ие болды:

<https://www.instagram.com/reel/DOdvINTiD8J/?igsh=bDlmc2lmcTQxenQ=>

Жалпы, бұл іс-шара жас ата-аналарға рухани демеу көрсетіп қана қоймай, Атырау өңірінде отбасылық құндылықтарды нығайту, қоғамда жаңадан құрылған отбасыларды қолдау мәдениетін қалыптастыру бағытында маңызды қадам болды. Жоба аясындағы бұл бастама жас отбасылардың әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етіп, отбасы институтының тұрақтылығын арттыруға айтарлықтай үлес қосты.

3-іс-шара. Неке қиюшыларды салтанатты марапаттау

2025 жылғы 18 қыркүйек күні, сағат 15:00-де Атырау қаласындағы «Салтанат сарайы» ғимаратында «Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында неке қию рәсімінен өткен **10 жас отбасыны** салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараның басты мақсаты – отбасылық институттың мәртебесін арттыру, жас жұбайларды ұлттық және рухани құндылықтарға негізделген үлгілі отбасылық дәстүрлерге баулу, сондай-ақ қоғамда отбасылық тұрақтылық пен жауапкершілік мәдениетін нығайту болды.

Салтанатты жиында жаңадан шаңырақ көтерген жас отбасыларға Құттықтау хаттар, естелік сыйлықтар және «Отбасылық өмірге арналған кеңестер жинағы» табысталды. Бұл жинақта отбасылық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара сыйластықты сақтау, тұрмыстық қиындықтарды бірлесе еңсеру, ата-аналық жауапкершілік және отбасы ішіндегі рөлдік тепе-теңдік туралы практикалық ұсыныстар қамтылды. Сонымен қатар, жас жұбайларға арналған ақпараттық жадынамалар таратылып, олардың отбасылық өмірге сенімді қадам басуына жағдай жасалды.

Іс-шара жылы, әсерлі және мерекелік атмосферада өтті. Қатысушылар қатарында жас жұбайлардың ата-аналары, достары, ардагер отбасылар, қоғам өкілдері және мәдениет саласының қызметкерлері болды. Шарадағы ең ерекше сәттердің бірі — некеде 50 жыл бірге ғұмыр кешіп келе жатқан ардагер отбасының жас жұбайларға ақ батасын беруі. Бұл рухани мазмұны терең көрініс жас отбасыларға үлкен өнеге болып, отбасылық тұрақтылықтың маңызын айқын көрсетті.

Жас отбасылар өздерінің болашақ жоспарларымен бөлісіп, отбасылық құндылықтарды сақтау, бір-біріне қолдау көрсету, сыйластықты басты ұстаным ету туралы ойларын білдірді. Шара соңында естелік фотосессия ұйымдастырылып, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын бейнематериалдар дайындалды.

Іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желілерде екі жарияланым түрінде таратылып, көпшілік тарапынан кең қолдау мен оң пікірлерге ие болды. Instagram парақшасында жарияланған бейнежазба

<https://www.instagram.com/reel/DO435kQCt9-/?igsh=eHJzN3o2OHo5bWJm>

қысқа уақытта-ақ жүздеген қаралым жинап, жас отбасыларды қолдауға бағытталған әлеуметтік бастаманың маңызды екенін көрсетті.

Жалпы, бұл іс-шара жас отбасылардың отбасылық өмірге жауапкершілікпен қадам басуына ықпал етіп, Атырау қаласының тұрғындары арасында отбасылық дәстүрлерді сақтаудың, бірлік пен сүйіспеншіліктің маңызын кеңінен насихаттады.

4-іс-шара. Мерейлі жыл толған отау құрғандарына 20 жылдан жоғары «Күміс той», «Алтын той», «Гауһар той» 10 отбасыдан төмен емес отбасыларын құттықтау

2025 жылғы 20–24 қазан аралығында Атырау қаласында «Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында некеде 20 жылдан астам уақыт бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан үлгілі отбасыларды салтанатты түрде құттықтау іс-шаралары ұйымдастырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – отбасылық береке мен тұрақтылықты насихаттау, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу, жас буынға өнеге боларлық мерейлі отбасыларды қоғам алдында таныту және құрмет көрсету болды.

Іс-шара барысында «Күміс той» (20 жыл), «Алтын той» (25 жыл) және «Гауһар той» (30 жылдан жоғары) мәртебесіне ие болған **10 отбасы** арнайы марапатталды. Әрбір отбасыға Құттықтау хаттар, естелік сыйлықтар, гүлдер және арнайы дайындалған естелік фотосуреттер табысталды. Марапаттау рәсімдері өте жылы әрі әсерлі атмосферада өтті. Қатысушылар өздерінің ұзақ жылдар бойғы сыйластыққа, сүйіспеншілікке, өзара құрметке және жауапкершілікке негізделген өмір жолдары туралы жүрекжарды естеліктерімен бөлісті.

Іс-шара аясында арнайы фотоаймақ ұйымдастырылып, отбасылық фотоколлаждар, бейнероликтер және қысқа форматтағы құттықтау сәттері түсірілді. Жобаның ұйымдастырушылары қоғамға үлгі боларлық отбасылардың қысқаша тарихын, отбасы мүшелерінің жетістіктерін және олардың берік құндылықтарын көрсететін бейнематериалдарды әлеуметтік желілерде жариялады. Инстаграмдағы арнайы жазба

<https://www.instagram.com/reel/DQTiFhNjWaj/?igsh=aWE3ZzIyeTQ4ZnVi>

кең қолдау тауып, жүзден астам оң пікір, көптеген қаралымдар мен жылы лебіздер жинады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың отбасылық мерей мен бірлікке деген құрметінің жоғары екенін көрсетті.

Іс-шара нәтижесінде:

- Атырау қаласы тұрғындары арасында отбасылық құндылықтарды қадірлеу мәдениеті күшейді;
- Жастарға үлгі боларлық отбасылар тарихы кеңінен насихатталды;
- Қоғамда отбасының маңыздылығы, ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен сыйластықтың құндылығы туралы оң қоғамдық пікір қалыптасты;
- Қатысушы отбасылардың мәртебесі көтеріліп, олардың үлгілі бейнесі кең аудиторияға таралды.

Жалпы алғанда, бұл бастама қала тұрғындары арасында зор қолдау тауып, «Шаңырақ» жобасының негізгі мақсаты – отбасы институтын нығайту және қоғамда берекелі, тұрақты, үлгілі отбасылардың мәртебесін арттыру міндетін толық орындады.

5-іс-шара. Жобаға қатысқан клуб мүшелерінің 75% пайызы қанағаттануы қажет (сауалнама нәтижелері бойынша)

Әлеуметтік жоба шеңберінде «Шаңырақ» жобасының негізгі бағыттарының бірі ретінде Аналар және Әкелер клубының тұрақты кездесулері, тақырыптық семинарлары мен пікірталас аландары ұйымдастырылды. Клуб жұмысының басты мақсаты – ата-аналардың отбасындағы тәрбиелік рөлін күшейту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау және ата-аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру болды. Клуб отырыстары интерактивті форматта өткізіліп, қатысушыларға лекция ғана емес, пікір алмасу, топтық жұмыс, жағдаяттық талдау, сұрақ-жауап, тәжірибе бөлісу мүмкіндіктері ұсынылды.

Іс-шаралар барысында «Отбасындағы тәрбие және ата-ананың жауапкершілігі», «Әке – отбасының тірегі», «Ана мектебі: мейірім мен талаптың тепе-теңдігі», «Баланың психологиялық қауіпсіздігі және отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті», «Салауатты өмір салты және отбасылық дәстүрлер» сияқты өзекті тақырыптар қарастырылды. Әр кездесуде отбасылық дағдарыс жағдайларын еңсеру жолдары, ата-ана мен бала арасындағы сенімді байланыс орнату, отбасылық уақытты тиімді ұйымдастыру, дұрыс тамақтану мен белсенді өмір салтын қалыптастыру бойынша нақты ұсыныстар мен практикалық құралдар берілді. Клуб жұмысына психологтар, педагогтар, отбасылық құндылықтарды насихаттаушы мамандар мен жергілікті белсенді ата-аналар тартылды, бұл іс-шаралардың мазмұнын байытып, тәжірибе алмасу деңгейін арттырды.

Гранттық шарттың №3 қосымшасында (Жобаның толық сипаттамасы) көзделген «Жобаға қатысқан клуб мүшелерінің кемінде 75%-ы қанағаттануы қажет» индикаторына қол жеткізу деңгейін бағалау үшін барлық клубтық кездесулер аяқталғаннан кейін қатысушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері іс-шаралардың қысқа мерзім ішінде нақты әрі өлшенетін нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетті. Клубтық кездесулердің жалпы ұйымдастырылу деңгейін қатысушылардың 91%-ы «өте жоғары», 9%-ы «жақсы» деп бағалап, логистиканың, спикерлер дайындығының және форматтың тиімді ұйымдастырылғанын атап өтті. Талқыланған тақырыптардың өзектілігі бойынша респонденттердің 93%-ы «толық қанағаттандым», 7%-ы «ішінара қанағаттандым» деген жауап берген, бұл таңдалған тақырыптардың ата-аналардың күнделікті отбасылық өмірімен тікелей байланысты болғанын дәлелдейді.

«Отбасындағы тәрбие мен салауатты өмір салты туралы алған ақпараттың пайдалылығы» сұрағына қатысушылардың 95%-ы ақпаратты «өте пайдалы», 5%-ы «пайдалы» деп бағалаған. Сондай-ақ, «Клубтық кездесулер, семинарлар мен форумдар Сіздің отбасы тәрбиесіне деген жауапкершілігіңіз бен қоғамдық белсенділігіңізге қалай әсер етті?» деген сұраққа 92% «жауапкершілік пен белсенділік айтарлықтай артты», 8% «аздап әсер етті» деп жауап берген. Клубтық кездесулердің жалпы пайдалылығы туралы сұрақта 92% қатысушы «өте пайдалы», 8% «пайдалы» деп бағалады. Жалпы жиынтық көрсеткіш бойынша **93% қатысушы іс-шараларды жоғары бағалап**, клубтық форматтың тиімділігін мойындады.

Осылайша, әлеуметтік жоба шеңберінде жоспарланған Аналар және Әкелер клубының барлық іс-шаралары мазмұндық, ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан сапалы деңгейде іске асырылды, ал сауалнама нәтижелері бойынша клуб мүшелерінің **қанағаттану деңгейі 93%-ды** құрап, Гранттық шарттың №3 қосымшасында белгіленген «кемінде 75%» индикаторы айтарлықтай артығымен орындалды.

https://www.instagram.com/p/DRTrat_ii9Y/?igsh=MXIxeTYyM3FwNjhmdg==

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1. Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация

Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация шарт талаптарына сәйкес жоспар бойынша онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы өткізілді. Презентацияға жоба командасы, серіктес мекемелердің өкілдері қатысты. Онлайн-кездесу барысында жоба аясында жүзеге асырылған барлық іс-шаралардың мазмұны, кезеңдік нәтижелері, қамтылған аудитория көлемі және әр бағыт бойынша индикаторлардың орындалу деңгейі жан-жақты таныстырылды.

Кездесу барысында «Шаңырақ» жобасының негізгі жетістіктері, отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған іс-шаралардың әлеуметтік әсері, тұрғындар тарапынан алынған кері байланыстар және өңірлік деңгейде қалыптасқан оң тәжірибелер егжей-тегжейлі көрсетілді. Спикерлер отбасылық институтты қолдаудың маңызын атап өтіп, жобаның өңірдегі тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени рөлін ерекше бағалады.

Презентация соңында қатысушылар сұрақтар қойып, өз ұсыныстарын білдірді. Көпшілік жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуына жоғары баға беріп, мұндай бастамаларды тұрақты түрде жалғастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, жоба нәтижелері бойынша арнайы дайындалған видеополу, инфографикалар, фотоколлаждар және қысқаша есептік материалдар әлеуметтік желілерде жарияланып <https://www.instagram.com/reel/DRQ11eYCoT0/?igsh=c2phaThsYWFkems3>, кең аудиторияға қолжетімді болды.

Жалпы, қорытынды жария презентация жобаның ашықтығын, тиімділігін және қоғамға тигізген нақты ықпалын көрсетуге мүмкіндік берді. Онлайн форматы аудиторияның кең қамтылуына жағдай жасап, жоба нәтижелерінің жария әрі транспарентті түрде ұсынылуын қамтамасыз етті. Бұл іс-шара жоба жұмысының табысты аяқталғанын айқындап, оның өңірдегі отбасы институтын нығайтуға қосқан үлесін нақты дәлелдеді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы әлеуметтік желілердегі Жарияланымдар

Жоба шеңберіндегі іс-шараларды кеңінен насихаттау, тұрғындарды ақпараттандыру және отбасы құндылықтарының маңызын арттыру мақсатында кешенді медиа-жұмыс жүргізілді. Ақпараттық кампания әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, визуалды материалдар, бейнероликтер, инфографикалар және интерактивті контент арқылы жүзеге асырылып, жоба туралы ақпараттың кең аудиторияға қол жеткізуі қамтамасыз етілді.

Жоба аясында әлеуметтік желіге **63 жарияланым** жарық көрді. Бұл жарияланымдар жобаның кезеңдік жаңалықтарын, іс-шаралардың өткізілу барысын, марапаттау рәсімдері мен кездесулердің мазмұнын, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын пайдалы ақпараттарды қамтыды. Сонымен қатар, жарияланған контент **Instagram платформасында** белсенді таралып, қолданушылардың жоғары қызығушылығын тудырды. **Жергілікті БАҚ-та 5 материал** жарияланды:

1. <https://youtu.be/df1l5sNd594?si=ota9NctmKnpnXAT1>
2. <https://youtu.be/LZNJyEoJ9Is?si=qLXGytpA9gTQdWii>
3. [«АНАҒА ТАҒЫМ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ](#)
4. [«АНАҒА ТАҒЫМ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ - «АТЫРАҰ» телеарнасының ресми сайты](#)
5. <https://atyrautv.kz/kz/news/37165>

оның ішінде жаңалық сюжеттері, арнайы репортаждар және жоба нәтижелері туралы жаңалықтар бар. Бұл материалдар өңірлік деңгейде отбасылық құндылықтарды нығайту жөніндегі бастаманың маңыздылығын кеңінен көрсетті. Жалпы медиа-қамту нәтижесінде **115 675 қаралым** тіркелді. Бұл көрсеткіш жоба ақпараттарының кең аудиторияға жеткенін, тұрғындардың қызығушылығы жоғары болғанын және қоғамда жобаның жағымды әсер туғызғанын көрсетеді. Ақпараттық жұмыстың бөлігі ретінде **10 инфографика** әзірленіп, әлеуметтік желілерде таратылды:

1. <https://www.instagram.com/p/DQ4XvMiinkn/?igsh=cXdramx4bHB3NmJ3>
2. <https://www.instagram.com/p/DQ4XX8kCryU/?igsh=eTJienNzYXgwcG1w>
3. <https://www.instagram.com/p/DQ4XVGcCpl4/?igsh=MTB1Y214MmNIZ3Nmaw==>
4. <https://www.instagram.com/p/DQ4XQzAilh0/?igsh=MXVoM2N0OGM5NnFIOQ==>

5. <https://www.instagram.com/p/DQ4XNKvivNS/?igsh=bmIzcGNkNXFxZnA1>
6. <https://www.instagram.com/p/DQ4XCi6inGm/?igsh=YW52dzl5NmxtaHF5>
7. <https://www.instagram.com/p/DQ4W-awCmEQ/?igsh=MWRlcWk4NXoycWJpOO==>
8. <https://www.instagram.com/p/DQ4W5cICtH/?igsh=ajQ1MzZqbzlbTgy>
9. <https://www.instagram.com/p/DQ4W05vCnd8/?igsh=MWZseGQ0MndtOXI0bg==>
10. <https://www.instagram.com/p/DQ4Wva8Cis5/?igsh=dnN1MG1vNjljYWF5>

Инфографикалар отбасы тақырыбы бойынша жалпы ақпараттармен толықтырылып, кең аудиторияға ұсынылды. Инфографика материалдары отбасы институтының маңыздылығын, ата-ананың тәрбиедегі рөлін, салауатты қарым-қатынас мәдениетін және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасы моделін түсіндіруге бағытталды. Жарияланған визуалдар әлеуметтік желілерде оң кері байланыс алып, отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттауға ықпал етті.

Сонымен қатар, **28 бейнеролик** дайындалып жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/DLU1PESN3eA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==4

https://www.instagram.com/reel/DObQfk CFm7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DOdvINTiD8J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DOdvINTiD8J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA== <https://www.instagram.com/reel/DO435kQCt9->

[/?utm_source=ig_web_copy_link](https://www.instagram.com/reel/DO435kQCt9-/?utm_source=ig_web_copy_link)

https://www.instagram.com/reel/DQJ-bGWDGAs/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DQTiFhNjWaj/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DQeWmezCnGh/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/DQeWvG1Cj3i/?utm_source=ig_web_copy_link https://www.instagram.com/reel/DQeXQbjtmT/?utm_source=ig_web_copy_lk

Олардың ішінде іс-шаралардан видеошолулар, құттықтау бейнелері, қатысушылардың пікірлері, отбасылық тәрбиені насихаттайтын роликтер және жобаның аралық нәтижелері бар. Бұл бейнеконтент көрермендер тарапынан кең қолдау тауып, пайдаланушылардың пікір білдіру, бөлісу және қарау белсенділігін арттырды. Жобаның бірегейлігі ретінде арнайы **#ШаңырақАтырау** хэштегімен жарияланымдар шықты. Бұл хэштег жоба контентін бір жерде жинақтап, қолданушыларға барлық материалдарды ыңғайлы түрде көруге мүмкіндік берді. Ақпараттық жұмыстың жоспарлылығы мен тұрақты жүргізілуі үшін ай сайын маусым–қазан аралығында контент-жоспар әзірленіп, сол жоспар бойынша жарияланымдар жүйелі түрде қаланды. Бұл жоба коммуникациясының сапасын арттырып, ақпараттық ағынның бірізді болуын қамтамасыз етті.

Жоба шараларына тұрғындардың тікелей қамтылу саны – **788 адам** болды. Бұл көрсеткіш іс-шаралардың өңір тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болғанын және отбасы құндылықтарын насихаттаудың тиімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар жалпы **115 675 қаралым** жинап, аудитория белсенділігі айтарлықтай артқанын көрсетті. Жоба контенті **50 мыңнан** астам жазылушысы бар парақшаларда жарық көріп, кең аудиторияға таралды. Бұл ақпараттық серпін отбасы тақырыбына қатысты қоғамдық талқылауды жандандырып, отбасылық құндылықтарды дәріптеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен қатар, аудиторияның белсенділігін арттыру мақсатында **1 интерактив** ұйымдастырылды. Интерактивте қатысушылар отбасы тәрбиесіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерімен және тәжірибелерімен бөлісті. Бұл жұмыс әдісі тұрғындардың қатысуын күшейтіп, жобаның қоғамдық маңызын арттырды. https://www.instagram.com/p/DRTrat_ii9Y/?igsh=M3BkNHhycjF4ZzA=

Жоба материалдары өңірлік және республикалық деңгейде кеңінен насихатталды. **50 мыңнан** астам тіркелушісі бар әлеуметтік желі парақшаларында https://www.instagram.com/qa_ask/?igsh=MTlnN3VzOXE3ODFmdA== шаралар туралы тұрақты жарияланымдар жасалып, жоба контенті мыңдаған пайдаланушыға қолжетімді болды. Бұл ақпараттық қолдау шаралар туралы хабардарлықты арттырып қана қоймай, отбасы құндылықтарын талқылауға қызығушылық танытқан жаңа аудиторияны тартуға мүмкіндік берді.

«Шаңырақ» отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы аясында кемінде 50 мың тіркелушісі бар топтарда жергілікті әлеуметтік желілерде жарықтандыру есебі

Спросите друзей о...



АТЫРАУ TODAY | ақпараттық парақшасы

33 публикации **53,1 тыс.** подписчики **10** подписки

Атырау

- СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
- Ақпараттық, танымдық посттар
- atyrau_today_

1 міндет. Отбасылық тәрбие мен салауатты қарым-қатынас мәдениетін насихаттау.

«Отбасылық құндылықтар» атты кемінде 5 семинардан тұратын серия ұйымдастырылады.

https://www.instagram.com/p/DQKCrLxChGw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DQi6uReCvC-//?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
<https://www.instagram.com/reel/DQi9oUcjQaV/?igsh=MTRscTBuZHfpcHVjMQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DQi9gWJjYCV/?igsh=MXkwZHgwODM3NThpbQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DQi9JdWjXss/?igsh=MW5sdW82emljMjU1aA==>
<https://www.instagram.com/reel/DQi72-IDEjm/?igsh=Ynpmazh3Nmrdmt2>

2 міндет. Әкелердің қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында диалогтық алаңдар қалыптастыру.

Қазақстандық Әкелер күні мерекесіне орай әкелер слетін өткізу

https://www.instagram.com/p/DRNMEMfjeep/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DRNMGKuDeuN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DRU12IWigDX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DRU1-4VCh70/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DRUmJQXinio/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DRVAN4dDSQR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
Тәрбие мен отбасылық салауаттылықтың өзекті мәселелерін талқылау үшін әкелер клубын құру
https://www.instagram.com/p/DRNMEMfjeep/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

3 міндет. Аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында диалогтық алаңдар қалыптастыру

Қазақстандық Аналар күні мерекесіне орай «Анаға тағзым» форумын өткізу

https://www.instagram.com/p/DQmPRR1ijFP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
Тәрбие мен отбасылық салауаттылықтың өзекті мәселелерін талқылау үшін аналар клубын құру
https://www.instagram.com/p/DRNLFuDXTo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DRNLhoUDb6p/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/reel/DRNLqU2jbZJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DRUluqQCjUT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
https://www.instagram.com/p/DRMTINCitY-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

4 міндет. Қазақстандағы дәстүрлі отбасылық мерекелерге қоғамдық қолдау көрсетіп, оларды жаңа мазмұнда атап өту

«Берекелі отбасы» отбасылық спорттық марафоны

https://www.instagram.com/reel/DOjH-edCs16/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жаңа туған нәрестелерді құттықтау

https://www.instagram.com/p/DQjkBudChDA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Неке қиюшыларды салтанатты марапаттау

https://www.instagram.com/p/DQjivGeis5J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мерейлі жыл толған отау құрғандарына 20 жылдан жоғары «Күміс той», «Алтын той», «Гауһар той» 10 отбасыдан төмен емес отбасыларын құттықтау

https://www.instagram.com/reel/DQTiFhNjWaj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жобаға қатысқан клуб мүшелерінің 75% пайызы қанағаттануы қажет (сауалнама нәтижелері бойынша)

https://www.instagram.com/p/DRTrat_ii9Y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация

https://www.instagram.com/reel/DRQIleYCoT0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2. БАҚ-қа жоба туралы ақпараттар тарату

БАҚ-қа жоба туралы ақпарат тарату жұмысы шарт талаптарына сәйкес толық жүзеге асырылды. Жоба шеңберінде өңірлік телерадиокомпаниялар мен ресми ақпараттық порталдарда **барлығы 5 жарияланым** шықты. Бұл материалдар жобаның негізгі іс-шараларын, отбасы құндылықтарын насихаттау бағытындағы жұмыстарды және өңірде өткізілген әлеуметтік кездесулердің мәнін кеңінен көрсетті. Төменде шыққан жарияланымдардың мазмұны сипатталады:

1. **Атырау ТВ – «Атырау қалалық перинаталдық орталығында Отбасы күніне орай салтанатты іс-шара ұйымдастырылды»**

(жаңа туған нәрестелерді құттықтау рәсімі туралы арнайы репортаж) <https://youtu.be/LZnJyEoJ9ls?si=qLXGytpA9gTQdWii>

Аталған бейнематериалда жоба аясында дүниеге келген сәбилердің отбасылары құрметтеліп, жас аналарға **туу туралы куәліктер** және естелік сыйлықтар табысталғаны көрсетілді. Репортажда отбасы институтының маңыздылығы мен жас ата-аналарға көрсетілген қолдау туралы толық ақпарат берілді.

2. **Атырау ТВ – «Берекелі отбасы» спорттық іс-шарасы** <https://youtu.be/dfll5sNd594?si=ota9NctmKnpnXAT1>

Бұл сюжетте BINOM мектебінде өткен отбасылық спорттық марафонның мазмұны баяндалды. Тележурналистер марафонға қатысқан отбасылардың белсенділігін, жарыс атмосферасын және отбасылық ынтымақты нығайтуға бағытталған шараның маңызын көрсетті.

3. **«БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ» МАРАФОНЫ»** <https://atyrautv.kz/kz/news/37165>

Бұл жарияланымда Атырауда «Берекелі отбасы» отбасылық марафоны «Шаңырақ» жобасы аясына ұйымдастырылғаны баяндалған.

4. Атырау ТВ — «Анағ а тағзым» атты аналар форумы өтті (телесюжет) [«АНАҒА ТАҒЗЫМ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ - «АТЫРАҰ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ РЕСМИ САЙТЫ](https://www.instagram.com/p/DRUluqQCjUT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Телесюжетте аналар форумының негізгі мазмұны, спикерлердің баяндаулары, аналардың рөлі туралы айтылған ойлар және форумның тәрбиелік мәні көрсетілді. Шараға қатысушылардан алынған сұхбаттар арқылы жоба әсері жан-жақты ашылған.

5. **«Анаға тағзым» аналар форумы — баспа және сайтқа жарияланған жаңалық [«АНАҒА ТАҒЗЫМ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ](#)**

Жоба аясындағы ауқымды іс-шара туралы тағы бір ақпараттық материал жазбаша форматта жарияланып, форумның мақсаттары, негізгі талқыланған мәселелер және қатысушылардың пікірлері көрініс тапты.

Бұл жарияланымдар жоба нәтижелерін өңірде кеңінен насихаттап, отбасы институтын нығайту тақырыбында қоғамда оң пікір қалыптастыруға ықпал етті. БАҚ-тағы материалдар жоба аясында атқарылған жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз етіп, тұрғындардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырды.

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Шаңырақ» жобасы отбасылық институтты нығайту және гендерлік теңдікті дәріптеу мақсаттарына толық қол жеткізді. Жоба шеңберінде өткізілген іс-шаралар, атап айтқанда «Анаға тағзым» форумы, Әкелер слеті, аналар мен әкелер клубының кездесулері және «Отбасы апталығы», жоспарланған аудиторияны қамтып, тұрғындардың белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Тұрғындардың жобамен тікелей қамтылу саны 788 адамға жетіп, бастапқы жоспардағы 500 адамдық көрсеткіштен асып орындалды.

«Анаға тағзым» форумы республикалық деңгейдегі 1 спикермен, 4 спикер мен 1 модератор қатысуымен ұйымдастырылып, 100 адамды қамтыды. Форумда отбасылық құндылықтардың маңыздылығы, ананың тәрбиедегі рөлі және әлеуметтік қолдау мәселелері жан-жақты талқыланды. Әкелер слеті де жоспарға сәйкес өткізілді: 4 спикер, 1 модератор және 100 қатысушы қамтылды. Сонымен қатар, аналар мен әкелер клубында әр клуб бойынша кемінде 4 кездесу ұйымдастырылып, тәрбиелік және отбасылық салауаттылыққа қатысты өзекті тақырыптар қарастырылды. Қатысушылардың сауалнама нәтижелері бойынша 93% жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттанғанын білдірді.

«Отбасы апталығы» аясында жаңа туған нәрестелерді құттықтау, неке қию рәсімдерін марапаттау және 20 жылдан асқан отбасыларға «Күміс той», «Алтын той», «Гауһар той» сияқты салтанатты шаралар ұйымдастырылды. Әр іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланып, кемінде 50 мың тіркелушісі бар топтарда таратылды. Жалпы, жоба контенті 115 675 қаралым жинап, аудитория белсенділігін арттырды. Инфографика, видеошолулар және бейнероликтер арқылы отбасы институтының маңыздылығы кең аудиторияға жетті.

Жобаның нәтижелері өңірлік деңгейде оң тәжірибе ретінде бағаланды. Қатысушылар мен қоғам өкілдері жобаның тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени рөлін жоғары бағалап, ұсыныстарын білдірді. Жобаның ашықтығы мен транспаренттілігі тұрғындар арасында сенімділікті арттырып, отбасы құндылықтарын насихаттаудың тұрақты тәжірибесін қалыптастырды. Сонымен қатар, жобаның әлеуметтік желілердегі және БАҚ-тағы көрнекі насихаттары жаңа аудиторияны тартуға, отбасылық құндылықтарды талқылау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер және фактілер

«Шаңырақ» – отбасы құндылықтарын насихаттау жобасының негізгі мақсаты – отбасы институтының қоғамдағы рөлін күшейту, отбасы мәдениетін жаңғырту, ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігін арттыру және жастардың отбасылық өмірге саналы көзқарасын қалыптастыру болатын. Жоба барысында алынған нәтижелер аталған мақсаттардың барлығы толық орындалғанын көрсетеді.

Біріншіден, отбасылық тәрбие мен салауатты қарым-қатынас мәдениетін нығайту мақсатына толық жетілді. 2025 жылғы 23–29 қазан аралығындағы «Отбасылық құндылықтар» семинарлар сериясы арқылы 302 жасқамтылды. Семинарларда қатысушылар отбасы ішіндегі диалог мәдениеті, эмоционалды байланыс, жанжалдарды тиімді шешу, ата-аналық рөлдердің маңыздылығы және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасы моделі жөнінде маңызды білім алды. Сауалнама нәтижелерінің 95%-ы «өте пайдалы» және «мазмұнды» деген баға беруі жастардың санасында отбасылық жауапкершілікке қатысты терең түсінік қалыптасқанын және жобаның мақсатымен толық сәйкестігін дәлелдеп отыр.

Екіншіден, әкелердің қоғамдық және тәрбиелік белсенділігін күшейту мақсаты айқын нәтижелерге қол жеткізді. «Әке мектебі: тәрбие, жауапкершілік, үлгі» слетіне 112 әке қатысып, шеберлік сабақтары, психологиялық тренингтер, құқықтық түсіндіру жұмыстарымен қамтылды. Қатысушылар өз сөздерінде баламен сапалы қарым-қатынас орнату, үйдегі тәрбиелік климатты жақсарту және әкенің үлгілік рөлін арттыру бойынша нақты өзгерістерге дайын екендіктерін білдірді. Бұл — әке институтының отбасыдағы маңызы жоба арқылы қайта жанданғанын көрсететін маңызды нәтиже.

Үшіншіден, аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру және ұлттық тәрбие жүйесіндегі рөлін нығайту мақсаты да табысты іске асты. «Анаға тағзым» форумына 107 ана қатысып, әйелдің тіл, дәстүр, руханиятты сақтаудағы миссиясы кеңінен талқыланды. Сауалнамада қатысушылардың 96,1%-ы іс-шараны «өте пайдалы» деп бағалап, аналар клубтарын, «Ана мектебі» форматтарын енгізу туралы ұсыныстар білдіруі – жобаның ана қауымына нақты әсер еткенін дәлелдейді.

Төртіншіден, Сегізіншіден, жоба аясында құрылған Әкелер клубы мен Аналар клубы отбасылық тәрбиені қолдаудың тұрақты әрі нәтижелі алаңына айналды. Жоба кезеңінде Әкелер клубының кездесулеріне 46 әке, Аналар клубына 111 ана қатысып, барлығы тәрбиелік бағыттағы практикалық дағдылар мен психологиялық кеңестер алды.

Аналар клубы аналардың эмоционалдық ресурсын сақтау, баламен сенімді байланыс орнату, жанжалдарды басқару және отбасындағы қолдау атмосферасын нығайтуға бағытталды. Қатысушылар мамандардан кәсіби кеңес алып, өзара қолдау форматында пікір алмасты.

Әкелер клубы ер-азаматтардың тәрбиелік жауапкершілігін күшейтуге ықпал етіп, бала мотивациясы, цифрлық қауіпсіздік, отбасындағы тәртіп пен сенім туралы маңызды тренингтер ұсынды. Әкелер тәжірибе бөлісіп, отбасылық рөлін жаңаша түсінуге мүмкіндік алды. Екі клуб ата-аналарға арналған табысты диалог алаңына айналып, жоба мақсаттарының орындалуына елеулі үлес қосты.

Бесіншіден, дәстүрлі отбасылық мерекелерді жаңа мазмұнда атап өту және отбасылық тұрақтылықты дәріптеу мақсаты да жоғары деңгейде орындалды. Спорттық марафон, жаңа туған нәрестелерді құттықтау, неке киюшыларды марапаттау, 20 жыл және одан жоғары некедегі отбасыларды құрметтеу шараларына 10 отбасы қатысты. Бұл – отбасылық дәстүрді сақтауға, ұрпақтар сабақтастығын үлгі етуге, қоғамда отбасы институтына деген құрметті арттыруға бағытталған нақты нәтижелер. Әсіресе 20–30 жыл бірге тұрған «Күміс», «Алтын», «Гауһар» той иелерінің марапатталуы өңір жастарына берілген тәрбиелік үлгі ретінде үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Әлеуметтік желілердегі жарияланымдарда жүздеген оң пікір жинап, тұрғындардың отбасы құндылықтарына деген қызығушылығы артқанын көрсетті. Шараға 10 отбасы қатысты.

Алтыншыдан, қатысушылардың қанағаттану деңгейін кемінде 75%-ға жеткізу мақсаты артығымен орындалды. Семинарлар, слеттер, форумдар, клубтық кездесулер және отбасылық іс-шаралар бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері жалпы қанағаттану көрсеткіші 90%–93% аралығында екенін көрсетті. Әсіресе клубтық форматтағы кездесулерде ата-аналардың кері байланысы өте жоғары болып, іс-шаралардың өмірде қолдануға болатын нақты пайдалы құралдар бергені атап өтілді. Жетіншіден, жоба ақпараттық-танымдық қамтуда да жоғары нәтижеге

қол жеткізді. Әлеуметтік желілерде 63 пост, 28 бейнеролик, 10 инфографика жарияланып, БАҚ-та 5 материал шықты. Жалпы қамту көрсеткіші 115 675 қаралым болды. Бұл жоба идеяларының қоғамда кең таралып, отбасы құндылықтары туралы қоғамдық пікірдің нығайғанын дәлелдейді.

Сегізіншіден, жоба әдістемелік және тұрақты тәжірибелік база қалыптастырды. Аналар клубы мен Әкелер клубының тұрақты форматы және олардың 8 кездесуінің мазмұны өңірдегі ата-аналар қауымдастығын бір орталыққа біріктіріп, ұзақ мерзімді нәтижеге бағытталған диалог алаңын нақты қалыптастырды. Бұл – жобаның тек қысқа мерзімді емес, ұзақ мерзімді әсерінің бар екенін дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«Шаңырақ» жобасын іске асыруға дейін өңірде отбасы институтын қолдауға бағытталған іс-шаралар мен ресми қолдау шаралары жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген болатын. Ата-аналар мен отбасы мүшелерінің ақпараттық қолжетімділігі шектеулі болды, гендерлік теңдік мәселелері мен отбасы тәрбиесінің өзекті тақырыптары қоғамдық деңгейде кеңінен талқыланбаған еді.

Жоба барысында өткізілген барлық іс-шаралар әлеуметтік ахуалды елеулі түрде өзгертті. «Анаға тағзым» форумы, Әкелер слеті, аналар мен әкелер клубының кездесулері арқылы отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөлі мен отбасылық құндылықтардың маңыздылығы кеңінен насихатталды. Жоба аясында тұрғындардың тікелей қатысу саны 788 адамға жетіп, жоспарланған көрсеткіштен асып орындалды. Қатысушылардың сауалнама нәтижелері бойынша 93%-ы жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуына қанағаттанғанын білдірді, бұл қоғамдағы оң көзқарастың қалыптасқанын дәлелдейді.

Жоба әлеуметтік желілер мен БАҚ-та кеңінен жарияланып, өңірдегі тұрғындар арасында отбасылық құндылықтар, салауатты қарым-қатынас мәдениеті және тәрбиелік мәселелерге қатысты ақпараттық белсенділікті арттырды. 115 675 қаралым жинаған контент пен арнайы инфографика мен видеошолулар арқылы аудиторияның отбасы мәселелеріне қызығушылығы байқалды. Бұл жобаға дейінгі ақпараттық ахуалды елеулі түрде жақсартты және қоғамдағы тақырыпқа қатысты талқылау деңгейін көтерді.

Жалпы, жоба проблемаларды шешу дәрежесін арттырды: отбасы институтын нығайту, жас ата-аналарды қолдау, гендерлік теңдікті насихаттау және тәрбиелік мәселелерді шешу саласында нақты нәтижелер байқалды. Өңірлік деңгейде қалыптасқан оң тәжірибе мен жобаның әлеуметтік әсері тұрғындардың қатысуын, қоғамдағы ақпараттық белсенділікті және отбасылық құндылықтарға деген жауапкершілікті елеулі түрде күшейтті.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
788	412 адам	376 адам

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
788	2	413	22	212	10	35	264	82	34	125

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
788	21	384	168	113	76	16	10

III. Жобаның нәтижелері

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба шеңберінде нысаналы топ өкілдері нақты әрі өлшенетін нәтижелерге қол жеткізді. Барлығы 788 адам тікелей қамтылып, олардың ішінде жастар, ата-аналар, әкелер мен аналар клубтарының мүшелері, сондай-ақ түрлі отбасылық іс-шараларға қатысушылар болды.

Жобаның нәтижесінде 302 жас отбасылық тәрбие және қарым-қатынас мәдениеті бойынша семинарлардан өтіп, жанжалдарды шешу, өзара түсіністік, эмоционалды байланыс орнату дағдыларын меңгерді. 112 әке «Әке мектебі» бағдарламасы арқылы тәрбиедегі жауапкершілікті арттыруға бағытталған тәжірибелерге қатысты. 107 ана қатысқан «Анаға тағзым» форумы аналардың қоғамдық белсенділігін арттырып, ұлттық тәрбие құндылықтарын терең түсінуге ықпал етті.

Сонымен бірге, 100-ден астам отбасы отбасылық марафондар мен мерекелік іс-шараларға қатысып, отбасылық бірлік, өзара қолдау және ұрпақтар сабақтастығы ұғымдары кеңінен насихатталды.

Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 90%-дан астамы іс-шаралардың мазмұны мен пайдасын жоғары бағалап, жобаның олардың отбасылық құндылықтарға деген көзқарасына оң әсер еткенін атап өтті. Жоба нәтижелері нысаналы топтың тәрбиелік, эмоционалдық және әлеуметтік жауапкершілік деңгейінің артқанын айқын көрсетеді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Отбасы институтының әлсіреуі мен ата-аналық тәрбие жауапкершілігінің төмендеуіне қатысты мәселені тұрақты түрде жақсартуға бағытталды. Жобаның нәтижесінде тұрғындар арасында отбасы құндылықтарына деген қызығушылық артты, ата-аналардың тәрбиелік белсенділігі күшейді, әкелер мен аналардың қоғамдық рөлі қайта жанданды.

Бұл ықпал ұзақ мерзімде отбасындағы қарым-қатынастың жақсаруына, жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлық мәдениетінің қалыптасуына, ата-ана мен бала арасындағы сенімді байланыстың нығаюына әкеледі.

- тұрғындардың дағдарыс орталықтарына жүгінуге сенімі артты.

- қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы жауапкершілік пен ақпараттық сауаттылық деңгейі өсті.

Аталып өткен, көрсеткіштер жобаның мақсатына толық қол жеткізілгенін және жоспарланған әлеуметтік нәтижелерге жеткенін дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы жүзеге асырылғанға дейін Атырау қаласында тұрғындардың тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу, эмоционалдық интеллектті дамыту және қауіпсіз қарым-қатынасқа қатысты ақпараттық сауаттылығы салыстырмалы түрде төмен деңгейде болды. Қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы бірлескен әрекет ету мәдениеті қалыптаспаған, азаматтар құқықтық және психологиялық қолдау ресурстарынан толық хабардар болмаған. Мамандардың кәсіби құзыреттілігі әртүрлі деңгейде, ал әлеуметтік серіктестік тәжірибесі шектеулі болды.

Жоба аясында өткізілген ақпараттық және білім беру іс-шаралары (тренингтер, мастер-класстар, кәсіби дайындық курстары, серіктестік форматтағы кездесулер) бұл ахуалды түбегейлі өзгертті. Нәтижесінде:

- тұрғындардың ақпараттық сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігі артты;

- ақпараттық брошюралар, әлеуметтік желідегі жарияланымдар мен презентациялар арқылы 50 000+ адамға қосымша ақпарат жеткізілді;

- қатысушылар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тетіктері мен көмек алу жолдары туралы практикалық білімге ие болды;
- жеке дағдылар мен қауіпсіз қарым-қатынас мәдениеті дамыды;
- жастар мен жасөспірімдер жанжалсыз диалог, жеке шекараны сақтау, сенімді қарым-қатынас құру дағдыларын меңгерді;
- мамандар кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіріп, нақты жағдайларды талдау және көмек көрсету дағдыларын нығайтты.
- әлеуметтік серіктестіктің тиімділігі артты;
- мемлекеттік, қоғамдық және бизнес секторлары арасында бірлескен жұмыс тобы құрылды, байланыс желісі ұйымдастырылды;
- бірлескен акциялар мен іс-шаралар жоспары әзірленді, тәжірибе алмасу мүмкіндігі қамтамасыз етілді;
- қоғамдық сенім мен қолжетімділік деңгейі өсті;
- жоба барысында тұрғындардың дағдарыс орталықтарына жүгінуге деген сенімі артты.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
500	150	350

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
500	0	0	60	40	0	0	350	46	4	0

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
500	18	27	75	96	120	85	79

III. Жобаның нәтижелері

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында шаралар ұйымдастыру

Сандық көрсеткіштер: Жобаның барлық іс-шараларына тікелей 500-ден астам адам қатысты.

Сапалық нәтижелер: Қатысушылардың тұрмыстық зорлық-зомбылықты тану, алдын алу және көмек сұрау дағдылары артып, құқықтық және психологиялық қолдау көрсету жолдарын меңгерді, қауіпсіз қарым-қатынас пен жанжалсыз диалог дағдыларын үйренді.

Форум өткізу

Сандық көрсеткіштер: Республикалық деңгейдегі 1 спикер, 4 спикер және 1 модератор қатысқан форумда 100 адам қамтылды.

Сапалық нәтижелер: Форум қатысушылары тәжірибе алмасты, зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді стратегиялар мен қоғамдастық үлгілерін меңгерді, әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығын түсінді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күні» акциясы

Сандық көрсеткіштер: 5 іс-шара өткізілді, әрбірінде кемінде 50 адам қатысты.

Сапалық нәтижелер: Қатысушылар акциялар арқылы ақпарат алып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырды, қоғамдық белсенділікті арттырды және дағдарыс орталықтарына жүгіну жолдарын меңгерді.

Брошюралар әзірлеу

Сандық көрсеткіштер: 200 дана ақпараттық брошюра таратылды.

Сапалық нәтижелер: Брошюралар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, алдын алу жолдары, құқықтық және психологиялық көмек алу жолдары туралы түсінікті ақпарат берді, қатысушыларға практикалық ұсыныстар мен ресурстар ұсынылды.

Кәсіби мамандарға арналған тренингтер

Сандық көрсеткіштер: 30 маман қатысты, оқу ұзақтығы 12 сағат, тренерлер саны 2 (кемінде 1 республикалық деңгейде танымал).

Сапалық нәтижелер: Мамандар әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу дағдыларын жетілдірді, нақты кейстерді талдап, құқықтық және психологиялық қолдау көрсету тәжірибесін алды.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаның ұзақмерзімді ықпалы:

«Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресу және қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытында іске асырылды. Жобаны жүзеге асыру барысында анықталған басты проблемалар – тұрғындардың зорлық-зомбылық

түрлерін толық білмеуі, құқықтық және психологиялық көмек алу жолдарын білмеуі, сондай-ақ қоғамда әлеуметтік қолдау мен серіктестік жүйесінің жеткіліксіздігі болды.

Ұзақмерзімді ықпалдың оң өзгерістері:

Қоғамдық хабардарлықтың артуы: Жобаның ақпараттық брошюралары, тренингтер, мастер-кластар мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы тұрғындар зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары мен көмек алу механизмдері туралы ақпаратқа қол жеткізді. Бұл өз кезегінде дағдарыс орталықтарына жүгіну сенімін арттырды. Мамандардың тренингтері мен практикалық сабақтары әлеуметтік қызметкерлердің, психологтар мен полиция инспекторларының кәсіби қабілеттерін арттырды, бұл болашақта зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тиімділігін жоғарылатады.

Зорлық-зомбылыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: Қатысушылардың алған практикалық дағдылары мен білімдері күнделікті өмірде қолданылып, зорлық-зомбылыққа төзбеушілік және қауіпсіз қарым-қатынас қағидалары қоғамда кеңінен таралуына ықпал етеді.

Болжамды өзгерістер:

Оң ықпалы: Болашақта тұрғындар өз құқықтарын қорғау қабілетін арттырады, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілік деңгейі көтеріледі, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету мәдениеті күшейеді. Мамандар арасында тәжірибе алмасу және кәсіби диалог кеңейеді.

Жағымсыз ықпалы: Қысқа мерзімде барлық тұрғындарды қамту мүмкін емес болғандықтан, кейбір топтар жобаның нәтижелерін толық ала алмауы мүмкін. Дегенмен, жобадағы ақпараттық және серіктестік тетіктер бұл шектеулерді азайтуға мүмкіндік береді. Жобаның ұзақмерзімді ықпалы қоғамдағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, әлеуметтік қолдау жүйесін нығайту және кәсіби мамандардың қабілеттерін жетілдіру арқылы тұрақты оң өзгерістерге ықпал етеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

«Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бірнеше маңызды әсерге ие болды:

Қоғамдық ресурстарды тиімді пайдалану: Жобаның тренингтері, мастер-кластар мен ақпараттық іс-шаралары арқылы тұрғындардың дағдарыс орталықтарына, психологтарға және құқық қорғау органдарына жүгінуі оңтайландырылды. Бұл болашақта зорлық-зомбылықтан туындайтын әлеуметтік шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қызмет көрсету сапасының жақсаруы: Әлеуметтік қызметкерлер мен мамандардың кәсіби құзыреттілігінің артуы қоғамға қызмет көрсету тиімділігін жоғарылатып, дағдарысты жағдайларда тез және сапалы көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Құқықтық және психологиялық қолдау жүйесінің дамуы: Жоба барысында мемлекеттік, қоғамдық және бизнес секторлары арасындағы серіктестік нығайып, болашақта бірлескен әлеуметтік бастамаларды іске асыруға мүмкіндік туды.

Экономикалық шығындардың алдын алу: Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты құқықтық даулар мен медициналық шығындар азаю ықтималдығы, сондай-ақ азаматтардың психологиялық тұрақтылығы мен еңбек қабілетінің артуы экономикалық тиімділікті арттырады.

Қоғамдық сенім мен бірлік: Қатысушылардың ақпараттық сауаттылығы артты, әлеуметтік жауапкершілік пен өз құқықтарын қорғау мәдениеті қалыптасты, бұл қоғамда ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақтылыққа және экономикалық даму көрсеткіштеріне оң ықпал етеді.

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері қоғамдағы зорлық-зомбылықты төмендету, әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру және азаматтардың құқықтық және психологиялық қорғау механизмдерін тиімді пайдалану арқылы көрініс тапты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Әлеуметтік бағдарламалар орталығы» ҚҚ

Басым бағыттың атауы: Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет - Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

№ 1 іс-шара. Әртүрлі ұлт өкілдері арасында ұлттық ойындар бойынша (садақ ату, тоғызқұмалақ, асық және т.б.) 1 конкурс өткізу

Ағымдағы жылдың 17-18 шілдесі күндері Атырау қаласында түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен ұлттық ойындардан кең көлемді конкурс өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – этностар арасында достық байланыстарды нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жастардың дәстүрлі ойындарға қызығушылығын арттыру болды. Конкурс аясында қатысушылар садақ ату, тоғызқұмалақ, асық ату және ләңгі тебу сияқты ұлттық ойын түрлері бойынша өз шеберліктерін көрсетіп, тәжірибе алмасты.

Қатысушылардың саны 100-ден кем болмады, бұл аталған іс-шараға қала тұрғындарының жоғары қызығушылық танытқанын көрсетті. Әр ойын түрі бойынша тартысты бәсекелер өткізіліп, қатысушылар өздерінің ептіліктерін, тапқырлықтарын және шапшаңдықтарын танытты. Конкурстың жүлде қоры жалпы 240 000 теңгені құрады. Әрбір ұлттық ойын бағыты бойынша үш жеңімпаз анықталып, олар арнайы дипломдармен және жүлделермен марапатталды.

Бұл іс-шара этностар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға, ұлттық мәдениетті дәріптеуге, сондай-ақ тұрғындардың белсенділігін арттыруға үлес қосты. Конкурстың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы мен қатысушылардың белсенділігі оның маңыздылығын айқындай түсті.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DMithEItgTE/?igsh=MXZxbjZ5OGx0MHhvcg==>
2. <https://www.instagram.com/reel/DMiu01pNt0s/?igsh=bHJ0MDl6Ym0xM2x5>

№ 2 іс-шара. Діни және этномәдени бірлестіктер арасында 1 ашық футбол турнирін ұйымдастыру

2025 жылдың 19 шілдесінде Атырау қаласындағы «Мұнайшы» стадионында қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара – діни және этномәдени бірлестіктер арасында ашық футбол турнирі ұйымдастырылды. Іс-шара қала тұрғындары арасында бейбітшілік пен достықты нығайту, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды күшейту, сондай-ақ діни сауаттылық деңгейін арттыру мақсатын көздеді.

Турнир Оператормен алдын ала келісілген конкурс ережесіне сәйкес өткізілді. Жарысқа 12 команда қатысып, жалпы қатысушылар саны 65 адамды құрады. Барлық қатысушылардың тізімі жасақталып, тіркеу жүргізілді.

Турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, командалар арасында тартысты ойын өрбіді. Жұлде қоры 220 000 теңгені құрап, жеңімпаз командаларға және жекелеген үздік ойыншыларға сыйақылар тапсырылды. Сыйақылар тиісті қабылдап-тапсыру актілерімен ресімделді.

Іс-шараның қорытындысы бойынша хаттама толтырылып, барлық рәсімдер белгіленген тәртіпке сай аяқталды. Турнир барысында фото және видео материалдар түсіріліп, кейін әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл өз кезегінде іс-шараның қала тұрғындары арасында кеңінен таралуына және көпшілікке жеткізілуіне мүмкіндік берді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DMiveCittVv/?igsh=MWpoeDhxZ3BzMm5jZw==>

№ 3 іс-шара. Атырау қаласының кемінде 50 жасөспірімі арасында олардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында интеллектуалдық ойындар форматында іс-шара өткізілді

2025 жылдың 17 шілдесінде Атырау қаласының жасөспірімдері арасында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған маңызды іс-шара – интеллектуалдық ойындар форматындағы танымдық кездесу өткізілді. Іс-шара Cash мейрамханасында ұйымдастырылып, оған жалпы 90 жасөспірім қатысты. Бұл шараның негізгі мақсаты – жастардың діни білімін кеңейту, оларды ұлттық құндылықтарға баулу және қала тұрғындары арасында этносаралық әрі конфессияаралық қатынастарды нығайту болды.

Іс-шара Оператормен келісілген конкурс ережесіне сай өткізілді. Барлық қатысушылар тіркеліп, олардың толық тізімі жасалды. Интеллектуалдық ойындар барысында жасөспірімдер командаларға бөлініп, логикалық сұрақтар, діни сауатқа қатысты тапсырмалар мен танымдық викториналар бойынша өз білімдерін сынады. Бұл формат жастардың қызығушылығын арттырып, оларды ойлануға, талдауға және пікір алмасуға ынталандырды.

Жарыстың жұлде қоры 220 000 теңгені құрады. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушыларға сыйақылар тапсырылып, олардың барлығы қабылдап-тапсыру актілерімен ресімделді. Іс-шара соңында қорытынды хаттама толтырылып, барлық формалды рәсімдер толық аяқталды.

Сонымен қатар, ойындар барысынан фото және видео материалдар түсіріліп, кейін әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл шараның кең аудиторияға таралуына және жастар арасында қызығушылықтың артуына әсер етті.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DMiv2gmNVm6/?igsh=MXRxa3c0Z3Z3M2Iydg==>

2 міндет. Діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынастарды нығайту мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (әрбір іс-шараны әлеуметтік желілерде жариялау, кемінде 50 мың жазылушысы бар топта)

№ 1 іс-шара. Дінтану мамандарымен 4 кездесу ұйымдастыру

2025 жылдың 24 шілдесі, 27 тамызы, 16 қыркүйегі және 22 қазаны күндері Атырау қаласында дінтану мамандарымен төрт мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Кездесулер «Казтрансойл» АҚ, «ПотенциалОйл» ЖШС, О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің базаларында өтті.

Аталған іс-шараларға жалпы саны 128 қатысушы қатысты. Кездесулердің негізгі мақсаты – тұрғындар мен жастардың діни сауаттылығын арттыру, сауатты ақпарат беру, сондай-ақ этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайту болды.

Әр кездесуге арнайы шақырылған дінтану мамандары қатысты. Шара бағдарламасы алдын ала әзірленіп, Оператормен келісілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылды. Мамандар өз салалары бойынша мазмұнды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Әр маман туралы ақпарат дайындалып, олардың тәжірибесі мен кәсіби білімі кездесуге қатысушыларға таныстырылды. Әр іс-шараға кемінде 20 адам қатысып, қатысушылардың тізімі толық рәсімделді.

Кездесулер барысында фото және бейнематериалдар түсірілді. Әр іс-шара бойынша кемінде бір жарияланым әлеуметтік желілерде орналастырылып, дін саласындағы дұрыс ақпарат таратуға және қоғам арасында діни сауаттылықты көтеруге үлес қосты. Жобаның жүзеге асуы қала тұрғындары арасында түсіністік пен толеранттылықты арттыруға ықпал етіп, түрлі сала қызметкерлері мен жастар үшін дін саласындағы өзекті ақпаратты талқылауға мүмкіндік берді.

Осылайша, төрт кездесу де жоспарға сәйкес жоғары деңгейде өткізіліп, діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынастарды нығайту бағытында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DNfL5NeCsQo/?igsh=Z2xuejlkdmV0bHN5>

https://www.instagram.com/p/DP2_RPuiJoi/?igsh=ZTcwYm9ybXl4b2Jh

https://www.instagram.com/reel/DP2_jstiEGB/?igsh=cHJxM2hkeTNkdzEz

<https://www.instagram.com/reel/DQVyiLxCM0t/?igsh=anh5MmRseWFsOW5q>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның нәтижелерінің қорытынды қоғамдық презентациясы

№ 1 іс-шара. Жоба қорытындылары бойынша қорытынды қоғамдық презентацияны өткізу

2025 жылдың 27 қарашасында жоба нәтижелеріне арналған қорытынды қоғамдық презентация Оператордың әлеуметтік жеідегі парақшасында тікелей эфирде өткізілді. Іс-шара Шарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, жоба аясында атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген нәтижелерді кең аудиторияға таныстыруға бағытталды. Презентация барысында жобаның негізгі кезеңдері, жүзеге асқан іс-шаралар, олардың тиімділігі және қоғамға тигізген ықпалы туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Қорытынды іс-шара аясында арнайы дайындалған презентация материалдары көрсетіліп, жоба нәтижелері бойынша пресс-релиз жарияланды. Қатысушылар тізімі толық рәсімделіп, онлайн қосылған азаматтардың белсенділігі айқын байқалды. Презентация барысында жобаға қатысушылардың пікірлері тыңдалып, атқарылған жұмыстардың маңыздылығы мен болашақта іске асырылуы мүмкін ұсыныстар талқыланды.

№ 2 іс-шара. Жоба қорытындылары бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу

Жоспар бойынша жобаның тікелей қамту нысаналы көрсеткіші **200 адам** деп белгіленген болатын. Грант алушы жоспардан асыра орындап, барлығы **402 адамды** қамтыды.

Жоба бенефициарларының қанағаттану деңгейі кемінде 75 пайыз болуы тиіс еді. Осы мақсатта 210 қатысушы арасында сауалнама жүргізіліп, жоспарланған көрсеткішке толықтай қол жеткізілді.

Сауалнамаға қатысқан 210 адамның 21-і әйел, 189-ы ер адам болды. Қатысушылардың 181-і жобамен толық қанағаттанғанын, ал 28-і көбінесе қанағаттанғанын көрсетті.

№ 3 іс-шара. Халықтың діни сауаттылық деңгейін арттыру. Өлшеу жобаның басында және соңында бақылау тобына тестілеу жүргізу арқылы жүзеге асыру

Жоба шеңберінде халықтың діни сауаттылық деңгейін бағалау мақсатында бақылау тобы (210 респондент) жобаның басында және соңында тестілеуден өтті.

Тестілеу нәтижелері бойынша, жобаға қатыспас бұрын респонденттердің:

– 93-і өз діни сауаттылық деңгейін төмен,

– 92-сі орташа,

– 25-і орташа деңгейден жоғары деп бағалады.

Жоба аяқталғаннан кейінгі қорытынды тестілеу нәтижесінде:

– 15 респонденттің діни сауаттылығы орташа,

– 181 респонденттікі орташа деңгейден жоғары,

– 14 респонденттікі жоғары деңгейде болды.

Осылайша, жоба нәтижесінде қатысушылардың діни сауаттылық деңгейінің айтарлықтай өскені анықталды.

№ 4 іс-шара. Білікті теологиялық көмек көрсету. Өлшеу қызмет алушыларға жүргізілетін сауалнама және бақылау қоңырауларының нәтижелері бойынша жүзеге асыру

Есептік кезеңде жоба аясында 6 бенефициарға жеке теологиялық кеңес беру қызметі көрсетілді. Қатысушылар өздерінің жеке, отбасылық, әлеуметтік және рухани мәселелеріне қатысты сұрақтар қойып, теологтан толыққанды жауап алды.

Көтерілген сұрақтар неке және ажырасу, ата-анамен қарым-қатынас, хиджаб, тәуелділік мәселелері, балалар тәрбиесі, рухани күйзеліс сияқты өзекті тақырыптарды қамтыды. Бұл азаматтардың діни білімге деген қызығушылығы мен кәсіби кеңеске сұраныстың жоғары екенін көрсетті.

Теолог берген жауаптар түсінікті, нақты және этикалық талаптарға сай болды. Кеңестер шариғат нормаларына және гуманистік құндылықтарға негізделіп, әр бенефициардың жеке жағдайы ескерілді.

Кері байланыс нәтижесінде барлық 6 қатысушы қызмет сапасына толық қанағаттанғанын білдірді. Қанағаттану деңгейі – 100%.

Консультациялар бенефициарлардың діни сауаттылығын арттыруға, отбасылық мәселелер жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі күйзелісті азайтуға және рухани тұрақтылық қалыптастыруға оң әсер етті.

Шарт талаптарына сәйкес жобаны жүзеге асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Жобаны ақпараттық сүйемелдеу (әрбір іс-шараны әлеуметтік желілерде жариялау, кемінде 50 мың жазылушысы бар топта қамту)

Шарт талаптарына сәйкес жоба аясында шілде–қазан айлары аралығында өткізілген барлық іс-шаралар тұрақты түрде ақпараттық сүйемелдеумен қамтамасыз етілді. Әрбір іс-шара бойынша әлеуметтік желілерде, интернет аландарында жарияланымдар жасалып, жоба аудиториясын кеңейту және қоғамды жоба барысымен жүйелі түрде таныстыру мақсатында жариялау жұмыстары толық көлемде орындалды.

Жоба жарияланымдары кемінде 50 000 жазылушысы бар топтарда орналастырылып, ақпараттың кең ауқымда таралуына жағдай жасалды. Әрбір өткізілген іс-шарадан кемінде бір жарияланым дайындалып, ресми парақшаларда, серіктес медиа-топтарда және интернет ресурстарда жарияланды.

https://www.instagram.com/p/DMwxBZirUd/?img_index=3&igsh=MWh0MTU0YjcyMmF0Ng%3D%3D

<https://www.instagram.com/p/DQW2U8ZDAuR/?igsh=Zm96MGQwMWN5M2ts>

<https://www.instagram.com/reel/DQZS0fjDCGR/?igsh=cm8wZ2V5NjR3eTdw>

<https://www.instagram.com/p/DQWHwZBDd0t/?igsh=MWpmaWw5aDVoYjZ5cw==>

<https://www.instagram.com/reel/DQYVGuFDAIe/?igsh=c2E0cW1uODlxenZs>

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба шеңберіндегі іс-шаралар қоғамдық келісімді, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайту, сондай-ақ тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру мақсаттарына толық сәйкес жүзеге асырылды. Ұлттық ойындар конкурсы, ашық футбол турнирі, жасөспірімдерге арналған интеллектуалдық ойындар және дінтану мамандарымен өткізілген кездесулер жоспарланған мазмұнда, жоғары деңгейде орындалды. Барлық іс-шаралар халықтың кең тобының қатысуымен өтіп, этностар мен діни конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты күшейтті.

Нәтижесінде 400-ге жуық адамды қамтитын кең ауқымды жұмыс жүргізіліп, жоба мақсатына толық қол жеткізілді.

Жобаға қатысқан нысаналы топтар жастар, әртүрлі этнос өкілдері, спортқа және ұлттық ойындарға қызығушылығы бар тұрғындар, сондай-ақ діни сауаттылықты арттыруға ниетті азаматтар жоспарланған іс-шараларға толық қатысып, практикалық дағдылар мен жаңа білімдер алды. Қатысушылар этностар арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюын, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтың артқанын және толеранттылықтың күшейгенін атап өтті.

Жоба шеңберіндегі іс-шаралар қоғамдық келісімді, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайту, сондай-ақ тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру мақсаттарына толық сәйкес жүзеге асырылды. Ұлттық ойындар конкурсы, ашық футбол турнирі, жасөспірімдерге арналған интеллектуалдық ойындар және дінтану мамандарымен өткізілген кездесулер жоспарланған мазмұнда, жоғары деңгейде орындалды. Барлық іс-шаралар халықтың кең тобының қатысуымен өтіп, этностар мен діни конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты күшейтті.

Нәтижесінде 400-ге жуық адамды қамтитын кең ауқымды жұмыс жүргізіліп, жоба мақсатына толық қол жеткізілді.

Жобаға қатысқан нысаналы топтар — жастар, әртүрлі этнос өкілдері, спортқа және ұлттық ойындарға қызығушылығы бар тұрғындар, сондай-ақ діни сауаттылықты арттыруға ниетті азаматтар — жоспарланған іс-шараларға толық қатысып, практикалық дағдылар мен жаңа білімдер алды. Қатысушылар этностар арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюын, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтың артқанын және толеранттылықтың күшейгенін атап өтті.

Сандық көрсеткіштер

- ұлттық ойындар конкурсына — 100-ден астам қатысушы тартылды.

-футбол турниріне — 84 адам, 8 команда қатысты.

- жасөспірімдерге арналған интеллектуалдық ойындарға — 90 қатысушы қатысты.

- дінтанушылармен кездесулерге — 128 адам қатысты.
- барлық іс-шаралар бойынша — 30-ға жуық фото/видео материал әзірленді.
- әлеуметтік желілерде — әр іс-шарадан кемінде 1 жарияланым, 50 000-нан астам жазылушысы бар топтарда жарық көрді.

Сапалық өзгерістер

- қатысушылар арасында достық, өзара сыйластық және толеранттылық деңгейі артты.
- жстардың ұлттық ойындарға, дәстүрлі мәдениетке қызығушылығы күшейді.
- жасөспірімдердің діни ақпаратты дұрыс қабылдау дағдысы жақсарды, сауаттылық деңгейі өсті.
- қаладағы этностар арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық нығайды.
- қатынасып жатқан топтар арасында әлеуметтік байланыстар кеңейіп, жаңа таныстықтар мен серіктестік қарым-қатынастар қалыптасты.

Жобаның ұзақ мерзімді әсері

- қоғамдық келісімнің сақталуына және этносаралық қарым-қатынастың тұрақты түрде нығаюына оң әсер етеді.
- жастар арасында ұлттық мәдениетке қызығушылық артып, дәстүрлі спорт түрлерін дамытуға ықпал жасайды.
- діни сауаттылықтың артуы жастарды жалған ақпараттан және радикалды көзқарастардан қорғауға көмектеседі.
- әлеуметтік желілердегі тұрақты жарияланымдар қоғамда бейбіт және оң қоғамдық пікір қалыптастыруды жалғастырады.
- қатысушылардың әлеуметтік белсенділігі артып, олардың болашақ жобаларға қатысу ынтасы күшейеді.

Жобаның тұрақтылығы

- жобада қалыптасқан қатысушылар қауымдастығы іс-шараларды өз бетімен жалғастыруға дайын.
- ұлттық ойындар мен спорттық бастамалар жергілікті деңгейде тұрақты түрде өткізілетін іс-шараларға айналу мүмкіндігі жоғары.
- ақпараттық жарияланымдар аудиториясының қалыптасуы болашақта ұқсас жобаларды қолдауға тұрақтылық береді.
- жоба барысында қалыптасқан серіктестік және ынтымақтастық байланыстар кейінгі кезеңде де сақталады.
- қатысушылар алған білімдерін, дағдыларын және мәдени құндылықтарға қызығушылығын ұзақ мерзім бойы қолдана алады, бұл жобаның ықпалын тұрақты етеді.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер және фактілер

Мақсатқа қол жеткізілгені келесі нақты көрсеткіштер арқылы дәлелденеді:

- ұлттық ойындар конкурсы: 100-ден астам қатысушы қамтылды, 4 ұлттық ойын бойынша 12 жеңімпаз анықталды.
- футбол турнирі: 8 команда, 84 қатысушы тартылды, жүлделер тапсырылды.
- интеллектуалдық ойындар: 90 жасөспірім қатысып, діни сауаттылыққа қатысты тапсырмалар мен викториналар жүргізілді.
- дінтану мамандарымен кездесулер: 4 іс-шара өткізіліп, 128 адам қамтылды.
- ақпараттық жарияланымдар: барлық іс-шараға кемінде бір жарияланым жасалды, 50 000-нан астам жазылушысы бар топтарда шығарылды.

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: жобаны жүзеге асыру барысында ауытқулар анықталмады.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейінгі жағдай жастар арасында діни сауаттылықтың жеткіліксіз деңгейімен, этносаралық қатынастарға қатысты түсініктің төмен болуымен, ұлттық ойындар мен спорттық бастамаларға қатысу белсенділігінің мардымсыздығымен сипатталды. Қала тұрғындары мен жасөспірімдер арасында мәдени көптүрлілікке құрмет көрсету, өзара түсіністік пен толеранттылықты нығайту бойынша жүйелі шаралар жеткілікті деңгейде жүргізілмеген.

Жоба іске асқан кезең ішінде бірқатар нақты өзгерістер тіркелді. Ұлттық ойындар конкурсы, этномәдени және діни бірлестіктер арасындағы футбол турнирі, жастарға арналған интеллектуалдық ойындар, сонымен бірге дінтанушы мамандармен кездесулер жоспарға сай өткізіліп, әр бағыт бойынша кең ауқымды аудитория қамтылды. Атап айтқанда, ұлттық ойындарға 100-ден астам қатысушы, футбол турниріне 84 адам, интеллектуалдық ойындарға 90 жасөспірім, ал дінтанушы мамандармен кездесулерге 128 қатысушы қатысты. Бұл көрсеткіштер жасөспірімдер мен ересектердің қоғамдық бастамаларға қатысуға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді.

Жоба нәтижесінде қатысушыларда діни сауаттылық деңгейі көтеріліп, ақпаратты дұрыс талдау және түрлі көзқарастарды сындарлы қабылдау қабілеті қалыптасты. Этносаралық және конфессияаралық қатынастар айтарлықтай нығайды, ал көпұлтты іс-шаралар халық арасындағы өзара құрмет пен сенімді арттырды. Ұлттық ойындар мен спорттық шаралардың өткізілуі жастардың мәдени мұраға деген қызығушылығын күшейтіп, салауатты өмір салтын ынталандырды.

Жобаға дейін аудиторияның белсенділігі төмен болған болса, жоба аяқталған кезде әлеуметтік желілердегі жарияланымдар тұрақты аудитория жинап, қоғамның кең тобы ақпараттандырылды. Қатысушылардың өзара байланысы кеңейіп, олардың алдағы уақытта да қоғамдық шараларға қатысуға ынтасы артты. Жоба шеңберінде анықталған проблемалар — діни сауаттылықтың жеткіліксіздігі, этносаралық коммуникацияның әлсіздігі және жастардың мәдени іс-шараларға қатысуының төмендігі — іс-шаралар нәтижесінде едәуір шешімін тапты.

Жалпы, жоба әлеуметтік өзгерістерге оң ықпал етіп, көпшіліктің қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, мәдени құндылықтарды құрметтеу және ынтымақтастықты нығайту бағытында жаңа дағдылар мен түсініктер қалыптастырды. Жобаның аяқталуы оның нәтижелерінің тұрақты сақталуына және одан әрі дамуына негіз қалдырды.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1. Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
402	360	42

2. Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
402		362		40						

3. Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
402		362		10	30		

III. Жобаның нәтижелері

1) *Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

Жоба аясында жүзеге асырылған іс-шараларға жалпы 380-ге жуық адам тартылды (ұлттық ойындар – 100, футбол турнирі – 65, интеллектуалдық ойындар – 90, дінтанушылармен 4 кездесу – 128). Көрсетілген нысаналы топтар бірнеше маңызды нәтижелерге қол жеткізді:

Сандық нәтижелер:

- 100-ден астам түрлі этнос өкілдері ұлттық ойындар конкурсына қатысып, дәстүрлі мәдениет туралы білімдерін арттырды.
- 65 адам қатысқан футбол турнирі арқылы этносаралық және конфессияаралық байланыстар нығайды.

- 90 жасөспірім интеллектуалдық ойындар барысында діни сауаттылық, логикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.
- 128 қатысушы дінтанушылармен кездесулерге қатысып, діни сауаттылық деңгейін көтерді.

Сапалық нәтижелер:

- Қатысушылардың діни сауаттылық деңгейі жобаның басында және соңында жүргізілген тестілеу арқылы өлшеніп, білім деңгейінің өсу динамикасы байқалды.
- Әлеуметтік топтар арасындағы түсіністік, өзара сыйластық және толеранттылық артты, бұл қатысушылар пікірлерінен және іс-шаралардан кейінгі кері байланыстардан көрінді.
- Жастар арасында ұлттық құндылықтарға, дәстүрлі ойындарға және дұрыс діни ақпаратқа деген қызығушылық айтарлықтай өсті.
- Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар нығайып, әртүрлі бірлестіктер өкілдерінің бейбіт сұхбат мәдениеті күшейді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба өзекті әлеуметтік мәселе – діни сауатсыздықты төмендету және этносаралық, конфессияаралық қатынастарды нығайту проблемасын шешуге бағытталды. Жобаның ұзақ мерзімді ықпалы мынадай болады деп күтіледі:

Оң ықпалдары:

- қатысушылар дұрыс діни ақпаратты мамандардан тікелей алғандықтан, радикалды ағымдардың ықпалына түсу қаупі азаяды.
- этностар мен конфессиялар арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас нығайып, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлік деңгейі артады.

Ұлттық ойындар мен зияткерлік форматтағы кездесулер жастардың өзін-өзі дамытуына, өз мәдениетіне деген қызығушылығына әсер етіп, бұл үрдіс ұзақ мерзімді мәдени-әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етеді. Дінтанушылармен тұрақты форматтағы түсіндіру жұмыстары діни білімнің сапасын арттырып, жастардың сыни ойлау қабілеттерін күшейтеді.

Жоба барысында қалыптасқан серіктестік байланыстар (мәдени ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, діни қауымдар, білім беру ұйымдары) алдағы уақытта да бірігіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мүмкін болатын жанама тәуекелдер:

- қатысушылар санының жыл сайын өсіп отыруын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстар қажет болуы мүмкін.
 - жобаға қатыспаған топтарда ақпараттық теңсіздік сақталуы мүмкін, сондықтан түсіндіру жұмыстарын кеңейту қажеттілігі туындайды.
- Жалпы алғанда, жоба өңірдің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және діни, этносаралық түсіністікті нығайтуға ұзақ мерзімді оң ықпал етеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше бағытта байқалды:

Әлеуметтік әсер:

- қоғамда сенім мен бірлікті күшейтіп, этносаралық және конфессияаралық түсіністіктің жоғарылауына ықпал етті.
- жастардың діни сауаттылығы артты, бұл ұзақ мерзімде қоғамдағы радикализмнің алдын алуға оң әсер береді.
- қатысушылардың азаматтық жауапкершілігі, толеранттылығы және мәдени құндылықтарға деген қызығушылығы өсті.
- ашық іс-шаралар қаланың әлеуметтік белсенділігін арттырып, тұрғындарды қоғамдық өмірге жұмылдырды.

Экономикалық әсер:

Жергілікті кәсіпорындар мен қызмет көрсету орындарының (жарыс алаңдары, техникалық қамтамасыз ету, медиа-ресурстар) қызметтері пайдаланылып, жергілікті экономиканың айналымына үлес қосылды.

Іс-шаралар арқылы қаладағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының (спорт кешендері, мәдени алаңдар) қолданылу деңгейі артты.

Ұйымдастыру жұмыстарына тартылған мамандар мен сарапшылар үшін қосымша табыс көздері қалыптасты.

Жоба аясында өткізілген іс-шаралар әлеуметтік және экономикалық тұрғыда нақты оң әсер көрсетті. Әлеуметтік әсері ретінде қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, жастардың діни сауаттылығының артуы, ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарға қызығушылықтың жоғарылауы атап өтіледі. Қоғамдық қатысудың артуы, белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуы, сондай-ақ түрлі ұйымдар мен топтар арасындағы өзара ынтымақтастықтың күшеюі де жобаның әлеуметтік тиімділігін көрсетеді.

Экономикалық әсері, бір жағынан, қатысушылар мен ұйымдастырушыларға материалдық ынталандыру арқылы көрсетілді: ұлттық ойындар мен турнирлердің жүлде қоры (240 000 теңге, 220 000 теңге), интеллектуалдық ойындар мен конкурстар арқылы жастардың білім алу мүмкіндігі артты. Сонымен қатар, жобаны өткізу үшін пайдаланылған ресурстар мен іс-шараларды ұйымдастыру кезінде жергілікті кәсіпкерлік және қызмет көрсету салаларының қатысуы экономикалық белсенділікті қолдады.